ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ: ЗИЯНЫ МЕН ЗАЛАЛЫ

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ

КӨПШІЛІКТІҢ КӨПЕНІ ЕДІ...

9-БЕТ | ЗЕРДЕ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қолға алған ісіміздің оңайға соқпайтыны белгілі. Бірақ алған бетімізден қайтуға немесе қарқынымызды баяулатуға мүлде болмайды. Ел мүддесі бәрінен қымбат екенін, ал азаматтардың мүддесі бәрінің бел ортасында тұратынын әрдайым есте сақтауға тиіспіз. Сондықтан реформаларымыздың барлығы, ең алдымен, мемлекеттілікті нығайтуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталды. Біз Әділетті Қазақстанды құрудың практикалық кезеңіне қадам бастық. Қоғамда жаңа идеялар, жаңа институттар, жаңа қоғамдық қатынастар белсенді қалыптасып келеді. Қоғам мен мемлекеттің бейнесін өзгертетін нағыз реформа дегеніміз – осы.

№129
(4562)
Сейсенбі
31 қазан
2023 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЖАРЫҚ НЕГЕ СӨНДІ?

29 қазан күні сағат 21:57-де елорданың қосалқы станциясында электр қуаты үзіліп, қаланың бірқатар аумағында электр жарығы сөніп қалған еді. Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов жарықтың сөну себебін айтып берді.

«Бұл, негізінен, оң жағалауды энергиямен жабдықтауды шектеуге әкелді, содан кейін сағат 23:00-де әуежайдың қосалқы станциялары іске қосылды, 23:10-да «Бәйтерек» қосалқы стансасы қосылды, сағат 2:00-ге дейін барлық қосалқы стансалар пайдалануға берілді» деді Н.Нұркенов.

Екінші станцияның жұмысында ешқандай технологиялық үзіліс болмаған. 2-ЖЭО жұмысын жалғастырды және қалыпты режимде жұмысын жалғастыруда.

«Желілерде апаттық жағдай орын алды. Қарапайым сөзбен айтсақ, кабельдің істен шығуы және шкафтардың бірінің жануы. Бұл апаттық жағдай 1,5 сағат ішінде жойылып, сағат 2:00-де барлық абонент электр қуатымен қамтамасыз етілді» деді әкім орынбасары.

(Соңы 3-бетте)

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» КӨБЕЙЕДІ

Тұрғындар саны жыл сайын қарқынды өсіп жатқан елордада мектеп мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып та жатыр. Астанада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында оқушы орындарының тапшылығын шешу мақсатында 2023-2025 жылдар аралығында 24 мектептің пайдалануға берілетіні жоспарланып отыр.

ХАЛЫҚ САНЫ АРТТЫ

Ұлттық статистика бюросы «2021 жылғы халық санағының тақырыптық жинақтарын» жариялай бастады, деп хабарлады Elorda.info.

«2009 жылғы санақтан бері Қазақстан халқы 20 пайызға өсті. Ал 2021 жылғы 1 қыркүйектегі санақ қорытындысы бойынша халықтың жалпы саны 19186015 адамды құрады. Оның ішінде үш өңірдегі халық саны 2 миллион адамнан асты. Атап айтқанда, бұлар – Алматы (2146576) мен Түркістан облыстары (2054021) және Алматы қаласы (2030285)» деп жазылған хабарламада.

Сондай-ақ Ұлттық статистика бюросы санақ аралық кезеңде халық санының ең екі өсімі үш өңірде байқалғанын мәлім етеді. Атап айтқанда, Астана қаласында (613 мыңнан 1234 адамға дейін), Шымкент қаласында (730 мыңнан 1112,4 адамға дейін) және Маңғыстау облысында (485 мыңнан 735 мың адамға дейін) өсім байқалған.

ТҰРҒЫН ҮЙ АЛУҒА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАЙДЫ

Астана қаласының Тұрғын үй орталығы «Жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы бойынша құжаттар қабылданатынын жариялады. Жалпы саны 770 пәтер беріледі деп жоспарланып отыр.

Құжаттарды қабылдау 6 қарашада сағат 9:00-ден 12 қараша сағат 23:59-ға дейін жалғасады. Баспана ұзарту құқығынсыз 3 жылға беріледі. Ай сайынғы жалдау ақысы – 5000 теңге мен 15000 теңге аралығында. Құжаттарды қабылдау тек qatysu.zhilfond.kz порталы арқылы электронды түрде жүргізіледі. Аяқталған орта / орта-арнайы / жоғары / жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар және ресми жұмысқа орналасқан, 35 жасқа толмаған (34 жасты қоса алғанда) ҚР азаматтары өтініш бере алады. Өтінім бергенге дейін өтініш беруші соңғы 3 жылдан кем емес уақыт Астана қаласында тұрақты тіркелген болуы қажет. Оның отбасы мүшелері (жұбайы/балалары болған жағдайда) Астана қаласында тұрақты тіркелген болуы керек.

Өтініш берушіде және отбасының барлық мүшелерінде ҚР бойынша меншік құқығындағы тұрғын үйі, сондай-ақ өтінім берген кезде соңғы 5 жыл ішінде сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйі болмауы тиіс. Сондай-ақ өтініш берушінің соңғы 6 айдағы төлем қабілетін растауы және ай сайынғы табысы кемінде 40 АЕК/кемінде 138000 теңге болғаны жөн. Өтінімнің статусы туралы ақпаратпен qatysu.zhilfond.kz порталындағы жеке кабинет арқылы телефонға SMS хабарлама келгеннен кейін танысуға болады. Барлық сұрақ бойынша 109 call-орталығына, 8-776-198-29-70 WhatsApp нөмірі бойынша немесе Астана қаласы, Республика даңғылы, 32 мекенжайы бойынша хабарласуға болады.

№129 (4562) 31/10/2023 Сейсенбі

КІНӘЛІЛЕРДІ ЖАУАПҚА ТАРТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысында «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамына қарасты Костенко атындағы шахтада болған өрт салдарынан қаза тапқан кеншілердің отбасылары мен туған-туыстарына көңіл айтты.

«Мен Мемлекет басшысы ретінде барша-ңызға көңіл айтамын. Бұл – қасірет. Бәрін түсінемін. Апат болды. Апаттың кесірінен көптеген адам қаза тапты. Сондықтан бұл жерге арнайы келдім. Тиісті шаралар қабылдаймыз, соның ішінде зардап шеккендердің отбасыларына көмек көрсетеміз. Қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасылары ешқандай мұқтаждық көрмеуі үшін Үкімет, әкімдік және қайырымдылық ұйымдарының алдында жан-жақты көмек көрсету міндеті тұр» деді Мемлекет басшысы.

Президент бүкіл еліміз бойынша 29 қазан Жалпыұлттық аза тұту күні болып жарияланғанын және «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына қатысты тиісті шара қабылданатынын жеткізді.

«Ертең бүкіл еліміз бойынша жалпыұлттық аза тұту күні жарияланады. Мен «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтату жөнінде тапсырма бердім. Бұл мекеме Үкіметпен және кәсіпорынмен ынтымақтастық тұрғысынан біздің тарихымыздағы ең нашар компания болды. Енді кәсіпорынның өзіне қатысты шаралар қабылдау туралы ойлануымыз керек. Басин Вадим Борисович деген азамат бар. Сіздер оны білесіздер. Ол бір кездері «АрселорМитталда» жұмыс істеген. Облыс әкімінің орынбасары болды. Мен оған қайтып келіп, кәсіпорынды басқаруды тапсырамын. Кәсіпорынның қазіргі басшылығының қолынан ештеңе келмейді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, жер астында қалған кеншілерді құтқару, зардап шеккен және қаза болған азаматтардың отбасыларына жан-жақты көмек көрсету – кезек күттірмейтін міндет.

«Ең алдымен, құтқару жұмыстары жүргізіледі. Екіншіден, зардап шеккендер мен медициналық көмекке мұқтаж азаматтардың нақты санын анықтауымыз керек. Үшіншіден, осы апаттан зардап шеккендердің барлығының отбасына материалдық көмек көрсетеміз. Егер қажет болса, арнайы қор ашамыз. Мұнымен өзім айналысамын» деді Президент.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазіргі уақытта кеншілердің зейнетке шығу жасына қатысты мәселе қарастырылып жатқанын айтты.

ЖЕДЕЛ ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысындағы «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамына қарасты Костенко атындағы шахтада болған апат салдарын жою жөніндегі жедел штаб отырысын өткізді.

Ең алдымен, құтқару жұмыстарының барысы және қазіргі ахуал туралы Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов баяндады.

«Апат кезінде шахтада 252 адам болған. 206 қызметкер өз бетінше көтерілді. Қазіргі уақытта апаттық-құтқару жұмыстарына 10 бөлімше, 55 тау-кен құтқарушы және 12 техника жұмылдырылды. Жұмыстар екі өндіру учаскесі аумағында жүргізілуде. Жаңа өрт ошақтары байқалмайды. Жұмыс тәулік бойы жалғасады» деді Сырым Шәріпханов.

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрінің баяндамасын тыңдап болғаннан кейін іздестіру-құтқару жұмыстарын барлық қажетті күшті тарта отырып, күшейтілген режимде жалғастыруды тапсырды.

«Жаңа ғана азаматтар әр 10-15 минут сайын ақпарат беріп тұру мәселесін көтерді. Мүмкіндігінше қамтамасыз ету керек. Халықпен қарым-қатынас жасайтын бір өкіл болсын. Жұрт-шылықты ақпаратсыз қалдыруға болмайды. Бұл – өте шетін әрі мүлдем жол беруге болмайтын мәселе. Біз күн-түн демей, соңына дейін күресуіміз керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният зардап шеккен азаматтарға көрсетіліп жатқан медициналық көмек туралы мәлімет берді.

«Медициналық көмек жедел әрі толық көрсетіліп жатыр. Әртүрлі деңгейде газдан уланғандар токсикология бөлімшесінде ем алуда. Медициналық көмек көрсетуге барлық дәрігер жұмылдырылды» деді Ажар Ғиният.

Сонымен қатар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова қаза тапқан кеншілердің отбасыларына қандай әлеуметтік көмек көрсетілетінін айтты.

«Қаза тапқан азаматтардың отбасыларына асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы тағайындалады. Ол республикалық бюджеттен, әлеуметтік сақтандыру қорынан және өмірді сақтандыру компаниясынан төленеді. Жәрдемақы көлемінің жалпы орташа мөлшері асырауындағы адамдар 18 жасқа толғанға дейін ай сайын 400-500 мың теңгеден басталады. Егер балалар жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болса, онда 23 жасқа дейін төленеді. Әзірге барлық төлемді өтеу «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына жүктеледі. Кәсіпорын ұжымдық шартқа сәйкес жылдық төлем тәуекелдерін төлеуге міндетті. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы жерлеу рәсімдеріне байланысты барлық шығынды, сондай-ақ балаларды жоғары оқу орындарында оқытуды өз мойнына алуға тиіс» деді Светлана Жақыпова.

Премьер-министр Әлихан Смайылов Үкімет «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының акционерлерімен алдын ала уағдаластыққа қол жеткізгенін және кәсіпорынға тиесілі меншік құқығын Қазақстан Республикасының пайдасына беру жөніндегі мәмілені ресімдеу процесі аяқталуға жақын екенін баяндады.

Үкіметтік комиссия мүшелерінің баяндамаларын тыңдаған Президент апатты жою және кеншілерді құтқару үшін барлық іс-шараларды қабылдауды, сондай-ақ қаза тапқан және зардап шеккен азаматтардың отбасыларына жан-жақты көмек көрсету жөнінде тапсырма берді.

«Сіздердің міндеттеріңіз – адамдармен тікелей жұмыс істеу, кездесу, сондай-ақ жедел топты қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Біз қазір қалыптасқан жағдайды түсіндіру, ең бастысы, шешім қабылдау үшін жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Жергілікті әкімдік тиісті шешім қабылдауы қажет. Кәсіпорынның сұраныстарына сүйене отырып, қажетті нәрсенің бәрін анықтаңыздар. Үкіметтік комиссия барлық мәселені пысықтауға тиіс. Мен не істеу керек екенін айттым. Әркім өзіне қатысты жұмысты біледі. Министрлер, басшылар өздерінің жұмыс тәсілдерін білуі керек. Президент әр оқиға сайын келіп, тапсырма береді деп күтіп отыруға болмайды. Вадим Борисович Басинге кәсіпорынды басқаруды өз қолына алуды тапсырамын. Үкімет пен әкімдікке жан-жақты тиісті көмек көрсетуді, Төтенше жағдайлар министрлігіне мүдделі құрылымдармен бірлесіп, апат салдарын жою және кеншілерді құтқару үшін барлық іс-шараларды қабылдауды тапсырамын. Ішкі істер министрлігі зардап шеккен адамдардың отбасыларымен жұмыс істеуі керек. Үкіметтік комиссияға азаматтардың қаза болуына әкеп соқтырған өрттің мән-жайын тергеуді, барлық кінәлілерді жауапқа тартуды тапсырамын» деді Мемлекет басшысы.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қазақстан Президентінің атына Қарағанды облысындағы кен орнында болған апат салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты шет мемлекеттердің басшыларынан және халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен көңіл айту жеделхаттары келіп түсуде. Сондай-ақ мемлекеттер басшылары телефон арқылы да көңіл айтып жатыр. Олар қаза тапқан кеншілердің отбасыларының қайғысына ортақтасып, көңіл айтқан және зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдірген. Соның ішінде Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев пен Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров телефон арқылы көңіл айтты және жеделхаттарын да жолдады.

Қарағанды облысындағы Костенко атындағы шахтада болған апат салдарынан қаза тапқан кеншілердің отбасылары мен жақындарына өздерінің көңіл айту жеделхаттарын Ресей Президенті Владимир Путин, Франция Президенті Эммануэль Макрон, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Татарстан Раисы Рустам Минниханов, ДДҰ Бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесус, ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы Сұлтан Раев және басқалар жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған қоңырау шалып, Қарағанды облысындағы көмір шахтасында болған апат салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Мемлекет басшысына және барша қазақ халқына қайғырып көңіл айтты. Әңгімелесу барысында екі ел басшылары 3 қараша күні Астана қаласында өтетін Түркі мемлекеттері ұйымы Х саммитінің күн тәртібін талқылады. Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды және барша түрік халқын Түркия Республикасының 100 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен телефон арқылы сөйлесіп, Қарағандыдағы кен орнында болған қайғылы оқиғаға байланысты көңіл айтты. Сондай-ақ көңіл айту жеделхаттарын Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раиси, БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай әмірлігінің билеушісі Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, БАӘ Вице-президенті, Президент Әкімшілігінің басшысы Мансур бен Заид Әл Нахаян, ШЫҰ Бас хатшысы Чжан Мин, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев, БҰҰ миграция жөніндегі халықаралық ұйымының бас директоры Эми Поуп және басқалар жолдады.

Костенко шахтасындағы жарылыстан 46 кенші қаза тапты.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Жексенбіде Махачкала әуежайына жүздеген адам келіп, наразылық акциясын ұйымдастырды.

Жиналғандар Палестина-Израиль қақтығысына наразы. Әуежайдағы таблода ұшақ Тель-Авивтен Махачкалаға жергілікті уақыт бойынша сағат 19:17-де келгенін көрсеткен. Наразылық білдірушілердің бір бөлігі ұшып келген рейстің жолаушыларын іздеп, халықаралық терминалға кіріп кеткен. Оқиға орнында полиция қызметкерлері наразылық білдірушілерге түсіндіру жұмысын жүргізген.

Түркияда Палестинаны қолдау митингі өтті.

Ердоған Израильді «әскери қылмыскер» деп атады. Израиль болса Түркиямен арадағы келісімдерді қайта қараймыз деп өз елшісін шақырып алды. Ал Түркияның өз басында Режеп Тайып Ердоғанның қатысуымен Палестинаны қолдау митингісі өтті. «Ұлы Палестина митингі» деген атаумен Ататүрік әуежайында ауқымды шеру өтті. Оған 1,5 миллион адам қатысты. Арасында Түркияның жоғары лауазымды тұлғаларынан бастап шетелден арнайы келген азаматтарға дейін бар.

Экобелсенділер Лувардың төбесіне бояу төкті.

Экобелсенділер Париждегі Лувр музейінің шыны төбесіне бояу төгіп, наразылық танытты. Табиғат жанашырлары осылайша жергілікті билікті климаттың өзгеруімен белсенді күресуге шақырмақ болған. Олар үкіметтен ғимараттардағы жылуды сақтау жүйесін жетілдіруді талап етеді. Себебі бұл ауаны ең көп ластайды екен. Экобелсенділер мәселені шешу үшін жыл сайын 12 миллиард еуро бөлуді сұрап отыр.

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» КӨБЕЙЕДІ

Елордада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде оқушы орындарының тапшылығы мәселелерін шешу үшін ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр, деп хабарлады Elorda.info.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, елордада өткен жылмен салыстырғанда оқушылар саны 22799 адамға артты, бұл ретте елордада оқушы орындарының тапшылығы 28447 орынды құрайды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде оқушы орындарының тапшылығы проблемасын шешу үшін Астанада 2023 жылдан 2025 жылға дейін тапсырыс беруші «Samruk-Kazyna Construction» АҚ арқылы 88800 орынға шақталған 24 мектепті (2 ауысымда) пайдалануға беру жоспарлануда.

Бүгінгі таңда бөлінген 23 жер учаскесінің 18-і АҚ-та ресімделді, желтоқсан айының соңына дейін «Samruk-Kazyna»-ға босату және беру жоспарлануда.

«Сатып алу шеңберінде бір учаске құрылыс басқармасына ресімделген. Қазіргі уақытта мердігер ұйымдар анықталып, 15 нысанда монтаждау жұмысы жүргізілуде. Инженерлік желілерді мектептерге тартуға қатысты бүгінгі таңда инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысына жобалау-іздестіру жұмысы және жобалау-смета құжаттамасын әзірлеу жүргізілуде. Мемлекеттік сараптама қорытындысының болжамды шығу күні ағымдағы жылғы қараша айында күтілуде» деп мәлім етті Ерлан Каналимов.

СТУДЕНТТЕР ПІКІР ТАЛАСТЫРДЫ

Өткен демалыс күндері елордада студенттер арасында пікірталас сайысы өтті. Турнирге қатысуға 100-ге жуық команда өтінім берді. Пікірталас ойындарына Астана қаласының 16 жоғары және 16 арнаулы орта оқу орындарының студенттері қатысты.

«Astana Debate Cup» жобасының басты мақсаты – жастардың бәсекеге қабілетін, тұлғалық және көшбасшылық дағдыларын дамыту. Іс-шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, жоба 2018 жылдан бері өткізіліп келеді және бүгінде қалада дәстүрлі оқиғаға айналды.

– Бүгін әкім кубогы үшін күресетін іріктеу кезеңдерінің финалистері кездесті. Онда сайысқа қатысушылар қоғамдағы өзекті тақырыптар бойынша өз пікірін ортаға салды, – деді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бөлім басшысы Арайлым Сапаралы.

Талқыланатын тақырыптардың қатарында Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы, нашақорлық мәселесі, білім мен мәдениетті арттыру қажеттілігі, ставкалардың спортқа теріс әсері, қоғам дамуындағы жастар саясатының рөлі, туризмді дамыту, қазақстандық өнердің жетістіктері, қоршаған ортаны сақтау, IT-стартаптар бар. Сайысты қорытындылау және үздіктерді марапаттау салтанаты Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өтті.

ЖАРЫҚ НЕГЕ СӨНДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әкім орынбасарының айтуынша, соңғы екі сағатта қаланың оң жағалауындағы кейбір әлеуметтік нысандарда электр жарығына шектеу қойылып, емдеу мекемелерінде электр жарығы үзілген жағдайлар орын алған. Бірақ барлық медициналық мекемеде дизель генераторлары жұмыс істеп, энергиямен қамтамасыз етілді.

«Төтенше жағдай кезінде дизель отынмен жансақтау бөлімдері мен операциялық бөлмелер жұмыс істейді – әрбір дизель генераторы жұмыс істеді, ал медициналық мекемелердегі қызметке қауіп төнген жоқ» деді Нұрлан Нұркенов.

Қаланың оң жағалау бөлігінде де су берудегі үзілістерге келетін болсақ, мұндағы барлық сорғы және сүзгі стансалары Алматы ауданының оң жағалау бөлігінде орналасқан.

«Әрине, электр қуаты шектелген кезде сорғы қондырғылары бір-екі сағатқа кідірді, бұл сумен жабдықтауға әсер етті. Өткен түнде мәселелер реттелді – сумен жабдықтау қалпына келді» деді Н.Нұркенов.

2023 жылдың 30 қазанына қараған түні Астананың оң жағалауында электр қуаты мен су жаппай үзілді. Кейін Энергетика министрлігінің баспасөз қызметі 29 қазан күні сағат 21:58-де 110 кВ әуе желісінің қалалық сақинасының бойында апатты өшіру орын алғанын хабарлады. Астана қаласының 2-ЖЭО-да қысқа тұйықталу салдарынан генерацияның толық төмендеуі байқалды.

МЕДИАЦИЯ – ТАТУЛАСТЫРУ ӘДІСІ

Елордада Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы мен «Халықаралық медиация орталығы» бірлесіп ұйымдастырған «Қазақстандағы медиацияның негізі мен қағидаты» тақырыбында семинар өтті.

Заңгер, PhD докторы Гүлмира Нарбаева қатысушыларды медиация ұғымымен таныстырып, жанжалды шешудің баламалы әдісі туралы айтты.

«Медиация – дау-жанжалды шешудің баламалы әдісі. Қоғамда қарама-қайшылық аз болған сайын ел азаматтарының қауіпсіздігі де жоғары болады. Семинарда күнделікті өмірде жиі кездесетін тақырып қозғалып, жанжалды жағдайды шешудің баламалы жолдары айтылды» дейді Гүлмира Нарбаева.

2011 жылы Қазақстанда «Медиация жайлы» заңы қабылданды. Содан бері медиация институты қалыптасып, еңбек дауларын, этносаралық қақтығыстарды шешудің танымал құралына айналып, өзінің тиімділігі мен қажеттілігін дәлелдеді.

Іс-шараны ұйымдастырушылар семинар қатысушыларына медиация негізін, сондай-ақ олардың күнделікті өмірде жанжалдарды сәтті шешуге қажетті практикалық дағдыларды үйретуге тырысты.

«Поляция» поляк этномәдени орталығының өкілі Ирина Данащук бұл шараға «Астана жастары» жастар қанатының шақыруымен келгенін айтты.

«Достық үйінде біз поляк дәстүрін, тілін, ән-биін үйренеміз. Оқудан бос уақытымды пайдалы өткізіп жатқаныма өте қуаныштымын. Мен үшін бүгінгі семинар өте пайдалы әрі тәрбиелік мәні зор, өйткені біз «медиация» ұғымын күнделікті өмірде кездестіре бермейміз. Бірақ мен жанжалды шешудің осы әдісі туралы көбірек білгім келеді» деді этномәдени орталықтың өкілі.

КӨП КҮТКЕН КӨПІР АШЫЛДЫ

Бас қалада Тәуелсіздік даңғылындағы жаңа көпір жоспарланған уақыттан бір күн бұрын ашылды. Жоспар бойынша көпір 30 қазанда ашылуы тиіс еді.

Атап айтқанда, көпір сегіз жолақты, яғни төртеуі бір жағында, қалған төртеуі қарсы қозғалысқа арналмақ. Көпір үстінде сынақ 25 қазан күні басталды. Көпірдің жай-күйін бақылап, жағдайды назарда ұстау үшін тиісті көрсеткішті беретін сенсорлар орнатылды. Ондағы абаттандыру жұмысы көктемге дейін жалғасады.

Бұл көпір өзге көшелерге түсетін күшті едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді. Яғни сол жағалауды Тәуелсіздік даңғылымен, жаңа теміржол вокзалымен, Р.Қошқарбаев даңғылымен, Ж.Нәжімеденов көшесімен, «Әзірет Сұлтан» мешітімен, А.Байтұрсынов, Қордай, Айнакөл көшелерімен, Б.Момышұлы даңғылымен және басқа да қосымша байланысты қамтамасыз етеді.

Қытайда әрбір бесінші тұрғын – қария.

Елде 2019 жылы алпысты алқымдағандар саны 254 миллион болса, 2040 жылы 400 миллионнан асады деген болжам бар. Әрине, бұл – қуантарлық жағдай. Өйткені халықтың тұрмысы жақсарғанын білдіреді. Бірақ мамандар халықтың қартаюынан туындайтын қиындық та аз емес дейді. Қытайда халық саны 1 миллиард 400 миллионнан асады. Соның 280 миллионы, демек әрбір бесінші тұрғын – алпысты алқымдаған қария.

Германия астанасында асқабақтар көрмесі басталды.

Онда осы өсімдіктің әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген 500 түрі қойылған. Арасында бірнеше сайыстың бас жүлдесін иеленген атақты асқабақ бар. Салмағы 1 тоннаға жуықтайды. Шаруа Оливер Граф оған күнде 100 литр су құйған. Сондай-ақ биылғы көрме аясында «Асқабақтар джунглиі» деген атпен инсталляция да жасалыпты. Оған 100 мың асқабақ қолданылған. Қызықты іс-шара 2 аптаға созылады.

ЖАҢА БАҒДАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

28 қазаннан бастап маршруттық желіге қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында, сондай-ақ жаңа автобустарды сатып алу аясында елордада №27 жаңа маршрут іске қосылды, деп хабарлады Астана әкімдігінің ресми сайты CTS-ке сілтеме жасап.

Жаңа бағыт «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы» – «Бағыстан» тұрғын үй кешені» қатынасымен жүреді.

Бағдар «Қорғалжын кварталы» ТК, Е-128, Әйтеке би және Әнет баба, Қ.Мұхамедханов көшесіне көліктік қызмет көрсетуді жақсартады. Сығанақ көшесімен жүретін және «Шығыс», «Sat City» тұрғын үй кешендеріне қызмет көрсетуді жүзеге асыратын №29, 29А, 49, 61 бағдарларының жүктемесін азайтуға ықпал етеді.

Бұдан басқа, Орынбор, Түркістан, Ф.Оңғарсынова, Е-117 көшелері, Ботаникалық бақ, Ұлы дала даңғылы, «Венский квартал», «Besterek», «Jetisu.Aqsu» және «Бағыстан» тұрғын үй кешендеріне көліктік қызмет көрсетуді жақсартуға мүмкіндік береді.

№129 (4562) 31/10/2023 Сейсенбі

ӨҢІРЛЕР ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

Демалыс күндері елордадағы Тұран даңғылы, 48 мекенжайындағы «Астана Арена» стадионының жанында Ақмола облысы ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қатысуымен өңірлік жәрмеңке өтті. Оған Аршалы, Астрахан, Ерейментау, Егіндікөл, Есіл, Жақсы, Жарқайың, Қорғалжын, Целиноград аудандары мен Қосшы, Степногорск және Көкшетау қалаларының кәсіпкерлері қатысты.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановтың айтуынша, бұл жолы жәрмеңкеге осы өңірдің 100-ге жуық тауар өндірушісі жалпы көлемі 300 тоннадан аса 50 түрлі өнім жеткізді. Олардың қатарында 100 тонна ет және шұжық өнімдері, 2 тонна жаңа ауланған балық, 400 мыңнан астам жұмыртқа, 20 тоннаға жуық сүт және сүт өнімдері, 25 тоннадан астам ұн, 50 тонна картоп, көкөніс және басқа да өнімдер мол болды.

– Ақмола облысы еліміздің басты қаласына тікелей жақын болғандықтан өңір тұрғындарын ғана емес, елордалықтарды да азық-түлікпен үздіксіз қамтамасыз етіп, сол арқылы азық-түлік белдеуінің рөлін атқарып келеді. Біздің шаруалар Астана жұртшылығын тауарларымыздың жартысынан астамымен қамтамасыз етуде. Бұл бағытта біз еңбек өнімін арттырып, өнімді өзектендіруді, дайын өнімді даладан Астана сөрелеріне делдалсыз тікелей жеткізуді ұйымдастыру арқылы сапаны жақсартуға және бағаны төмендетуге басымдық беріп келеміз, – деді Марат Ахметжанов.

Бұл жәрмеңке облыстың ауыл шаруашылығы өндірушілеріне өз өнімдерін делдалсыз тікелей сатуға мүмкіндік берді, нәтижесінде ауыл шаруашылығы тауарларының бағасы нарықтағы бағадан төмен болды. Мәселен, Көкшетау қаласынан «Гормолзавод», «Бижан», «Sinegor Grain» ЖШС-пен бірге «Қазделикатес», «Внуковский», «Смагулова Ш.М.», «Қожасбаев А.К.» және «Құрманғалиев А.Ж.» жеке кәсіпкерліктері қатысты. Олар ұсынған сүт және сүт өнімдері, ет өнімдері, балық, картоп, ұн және жарма, күнбағыс майы және басқа да азық-түлік өнімдері нарықтағы бағадан 10-20 пайызға арзан болды.

– Астанада өңірлік жәрмеңкелер жыл сайын өткізіліп келеді. Оның қайтадан «Астана Арена» стадионы маңына көшірілуі бізді ерекше қуантты. Алысқа бармай-ақ, үйіміздің маңынан күнделікті тұрмысқа аса қажетті барлық азық-түлік өнімдерін осы жерден сатып алуға мүмкіндік алып отырмыз. Бастысы, бағасы дүкендегіден әлдеқайда арзан. Сол себепті осындай іс-шаралар Астанада жиірек ұйымдастырылып тұрса, қарапайым халыққа қолдау болар еді, – деді елорда тұрғыны Бәтима Тұрсынқызы.

Бұл жәрмеңкеге алғаш рет жастар қоғамдық ұйымдарының арасынан еріктілер қатысты. Қарт адамдарға көмек көрсету үшін өңірдің 40-қа жуық еріктілері жұмылдырылды.

Жәрмеңкеге үлкен кісілердің көптеп келетіні белгілі. Жас жігіттер болса олардың ауыр сөмкелерін көлігіне дейін және аялдамаға жеткізуге көмектесіп, зыр жүгіріп жүрді. Елордалық Асқар Нұржанұлы еріктілерге ерекше ықыласын білдірді.

«Балаларымыз басқа қалаларда тұрады, кемпірім екеуміз жәрмеңкеге жиі келеміз. Еріктілерді бірінші рет көріп тұрмыз, біз секілді жалғызілікті жандарға көмек қолын созып, қызмет етіп жүр. Аялдамаға дейін сөмкемізді жеткізіп берген жігіттерге дән ризамын. Іс-шараны ұйымдастырушыларға да алғысым шексіз» деді Асқар Нұржанұлы.

Биыл жәрмеңке 2 қыркүйекте басталды, оған 14 өңірден аграршылар қатысты. Осы күндері 10 мың тоннаға жуық өнім сатылды. Жалпы Астанада өтетін жәрмеңкеге жыл сайын әр облыстан 50-70 фермер келеді. Соңғы уақытта олардың саны артуда.

Алғашқы болып елордаға өз өнімдерін ала келген Түркістан облысының 70-ке жуық ауыл шаруашылығы өндірушілері 556 тонна өнім әкелсе, Атырау мен Жамбыл облыстарының аграршылары бұл жолы жәрмеңкеде 300 тоннаға жуық өнім ұсынды. Олардың арасында жылқы, сиыр, қой және тауық еттерімен бірге шұжық өнімдері, сүт өнімдері, кондитерлік өнімдер, макарон өнімдері, балық, көкөністер мен жемістер мол болды. Одан соң Батыс Қазақстан облысы мен Қызылорда облысының тауар өндірушілері елордалықтарға азық-түліктің кеңейтілген ассортиментін ала келді. Алматы облысының тауар өндірушілері Қонаев қаласы мен облыстың 9 ауданының атынан қатысып, жалпы сомасы 205,7 млн теңгеге 186,4 тонна ауыл шаруашылығы өнімін, Жетісу облысының Талдықорған және Текелі қалаларынан, сондай-ақ 8 ауданнан келген шаруалар 500 млн теңгеге 214 тоннадан астам тауар ұсынды. Павлодар мен Абай облыстарының шаруалары жалпы көлемі 700 тоннаға жуық 40 түрлі өнім әкелген болатын.

Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, келесі демалыс, 4-5 қараша күндері Қарағанды және Ұлытау облыстары жәрмеңке маусымын аяқтайды.

Оңалхан ӨНЕРХАН

Елордада жұмыссыздық деңгейі төмендеп келеді, еңбек нарығындағы жағдай тұрақты. Бұл туралы Астана қаласының коммуникациялар қызметіндегі брифингте Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жүсіпов пен «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ директоры Олжас Омар айтты.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ДЕҢГЕЙІ ТӨМЕНДЕДІ

Елорданың еңбек нарығындағы жұмыссыздық деңгейі – 4,5 пайыз. 2023 жылы 24 мыңнан астам адамды, оның ішінде 16 мыңнан астам жасты жұмыспен қамту жоспарлануда. 27 қазандағы жағдай бойынша 22312 адам, оның ішінде 11591 жас жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен қамтылды. Тұрақты жұмыс орындарына – 7407, қоғамдық жұмыстарға – 2278, жастар практикасына – 968, әлеуметтік жұмыс орындарына – 303, алғашқы жұмыс орнына – 297, «Күміс жасқа» – 789, «Ұрпақтар келісімшартына» – 6, МБА үшін арнайы жұмыс орындарына – 1, кәсіптік оқытуға – 209, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқытуға – 8628, сұранысқа ие дағдыларды онлайн оқыту бойынша 971 адам жұмысқа орналасты.

Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы адамдар үшін жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға барлығы 132 грант берілді. Грант мөлшері – 400 АЕК (1380000 теңге). 21 мен 35 жас аралығындағы жастар үшін жылдық 2,5 пайызбен 5 млн теңгеге дейін шағын несиелеу көзделген. Конкурстық комиссияның шешімімен жастардың 323 бизнес-жобасы мақұлданды, 229 кредит төленді. ҚР ЕХӘҚМ-ге 750 млн теңге қаражатты шешу (150 микрокредит) бойынша бюджеттік өтінім жолданды.

– 43462 жұмыс орны құрылды. Оның ішінде 38745-і тұрақты және 4667-сі уақытша. «Электрондық еңбек биржасы» интернет-порталында 2330 жұмыс беруші 4966 бос орын орналастырды. 32 бос орындар жәрмеңкесі өткізілді. Жұмыссыздар, түлектер, өмірлік қиын жағдайға тап болған адамдар, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар және алимент бойынша борышкерлерді қайта әлеуметтендіру үшін және еңбек тапшылығы бар өңірлерге көшіру, – дейді Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Е.Жүсіпов.

Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ «Мансап орталығы» жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі, яғни бос жұмыс орындарына іріктеу жүргізіп, тұрақты жұмыс орнына орналастырады, тиісті бос жұмыс орны болмаған жағдайда, уақытша жұмыс орны ұсынылады. Бұл – «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Қоғамдық жұмыстар», «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» және «Күміс жас».

«Алғашқы жұмыс орны» бағдарламасы колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне, сондай-ақ оқымайтын және жұмыс істемейтін жастарға арналған. Бүгінгі таңда осы бағдарлама бойынша 35 жасқа дейінгі 297 адам жұмысқа орналасты. «Жастар практикасы» колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектеріне мамандық бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Осы бағдарлама бойынша 961 адам жұмысқа орналасты. «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламасы оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыруға көмектеседі. Ақылы қоғамдық жұмысқа жұмыссыздар, студенттер және жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушылары оқудан бос уақытында қатысуға мүмкіндігі бар. Осы бағдарлама бойынша 2000-нан астам адам жұмысқа орналасты. Жұмыспен қамту «Әлеуметтік жұмыс орындары» бағдарламасы аясында азаматтар бір жылға жұмысқа орналасады. Қазіргі уақытта 300-ден астам адам жұмыс тапты. 50 жастан асқан тұрғындар үшін «Күміс жас» бағдарламасы бар. Бүгінгі таңда бағдарлама бойынша 789 адам жұмысқа орналасқан, – деді «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ директоры О.Омар.

ЕҢБЕК АДАМЫ

КЕҢПЕЙІЛ КІТАПХАНАШЫ

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ұйымдастыратын шараларға барып жүріп кейіпкерімізбен таныстық. Бұл кісі ұлтжандылығымен, өз ісіне шын берілгенімен бізді тәнті етті. Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы Сағыныш Дүйсенқызының осы салада еңбектеніп жүргеніне ширек ғасыр болды. Ал жалпы мәдениет саласында еңбек өтілі – тура 40 жыл.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

1983 жылы әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтын бітірген өрімдей қыз Арқа төсінде, сол кездегі Целиноград облысы Баршын ауданында еңбек жолын бастады. 1995 жылы Ақмола қаласына келіп, сол уақыттағы облыс орталығы мәдениетінің өркендеуіне үлесін қосты. Ұлт мүддесі жолында бірталай іс атқарған «Тіл және мәдениет» қоғамының жұмысына атсалысты.

Сағыныш Дүйсенқызы – Есіл жағасында жаңа астана орнығуының тікелей куәгері. Елорданың Алматыдан Ақмолаға қоныс аударуы, қаланың халықаралық тұсаукесері сияқты тарихи оқиғаларды өз көзімен көріп, маңызды шаралардың басы-қасында жүрді. Ақмола облысы Көкшетауға көшірілгеннен кейін отбасы жағдайына байланысты Астанада қалып, орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қызметке ауысты. Содан бері осы салада.

Кейіпкеріміздің талай жылдан бері жүргізіп келе жатқан «Менің қолтаңбам» аталатын жобасы бар. Соның аясында әдебиет алыптарымен, көрнекті қаламгерлермен, мәдениет, өнер майталмандарымен кездесулерді ұйымдастырады. Кеңпейіл кітапханашының

аталмыш жобасы жалғасып жатыр. Оқырмандар оның арқасында қазір өмірде жоқ Әбіш Кекілбайұлы, Фариза Оңғарсынова, Әнес Сарай, Ақселеу Сейдімбек, Әшірбек Сығай, Көпен Әмірбек, Несіпбек Айтұлы, басқа да көптеген асыл азаматтармен кездесіп, рухани азық алды. Жақында көрнекті ақын, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановпен кездесуді де Сағыныш Дүйсенқызы жүргізді.

«Әр ақынды, әр жазушыны дәріптеп, әртүрлі бағытта шығармаларын насихаттау, оқырманға жеткізу – кітапханашылардың парызы. Кітапханашылар жарық шамшырақ іспеттес. Кітап оқымайтын адамдарды түсінбеймін. Онсыз жан дүниең бос болады. Кітаппен сырласасың, рухани тұрғыдан байисың. Көзқарасың қалыптасады» дейді тәжірибелі кітапханашы.

Еңбегі елеусіз қалған жоқ. Қазақстанның мәдениет қайраткері, кітапхана ісінің үздігі атанды. Әдетте нардың жүгін арқалап жүрсе де, осындай қарапайым мамандар тасада қалып жатады. Сондықтан Сағыныш Дүйсенқызы – нағыз еңбек адамы.

«АҚЫЛДЫ ҚАЛАНЫҢ» АЙШЫҚТЫ ЖОБАСЫ

Әлемде өз халқына барынша жағдай жасап, тұрмыс-тіршілігін жеңілдеткен «ақылды қалалар» көп. Мәселен, Барселона көліктердің кейбір аудандарында жүруін шектеп, қала қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, Таллин денсаулық сақтау саласындағы ыңғайлы цифрлы бағдарламасымен ерекшеленеді. Дубай жүргізушісіз әуе көліктерімен танылса, Сингапур қоқысты дұрыс сұрыптау мәселесін түбегейлі шешу арқылы әлемге үлгі бола білді. «Жақсыдан үйрен» демекші, бүгінде елордамыз смарт қалалардың қатарынан көріну үшін жаһандық тәжірибелерден қалыспай келеді. Жаңа технологиялардың дендеп енуімен цифрлы даму жолына түсіп, өзгелерге де үлгі болуды мақсат етеді. Тұрғындардың әл-ауқатын жақсартып, сапалы өмір сүруін көздейтін жобалардың қатарында «Smart Astana» мобильді қосымшасы бар.

Индира БЕРЖАНОВА

БҮКІЛ ҚАЛА – СЕНІҢ СМАРТФОНЫҢДА

Қай-қайсымыздың қолымыздан түспейтін смартфондар арқылы «ақылды қала» тұрғындарының өмірін жеңілдетуді көздейтін мобильді қосымшаны «Astana Innovations» АҚ жүзеге асырған. Әлденеше модуль қатар жинақталған қосымша Play Market және AppStore дүкендерінде тегін жүктеледі. Мобильді қосымша онлайн режимде бір мезетте бірнеше операцияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ұялы қосымша қала тұрғындары мен жергілікті басқару органдары арасындағы «алтын көпір» іспетті. Қосымшаның әрбір бөлімінде қалалық әкімдіктің көлік пен тасымалдау, білім беру, денсаулық сақтау, туризм, коммерциялық қызметтер, ойын-сауық секілді барлығы 60-тан астам мемлекеттік қызмет қолжетімді болып отыр. Ал қосымшаны жүктеп алушылар саны 300 мың адамнан асты. Бір айдағы белсенді қолданушылар саны 8-10 мың адамды құрайды. Осылайша көпшілік «Smart Astana» мобильді қосымшасының көмегімен Астана қаласының маңызды сервистеріне қол жеткізе алады. Сондай-ақ жобаның басты мақсаты – ақпараттық қолжетімділік пен әртүрлі қалалық сервисті ыңғайлы етіп ұсыну. Бұл ретте заманауи жаңашылдықтар енгізіліп, қосымшаның интерфейсі үнемі жаңартылып отырады. Ол туралы «Smart Astana» жобасының жетекшісі Айдын Еспек айтып берді.

«Мобильді қосымша іске қосылғалы бері ең алғашқы сервистердің қатарында push-хабарламалар болған. Қолайсыз ауа райы, аязды боран салдарынан мектептегі сабақтардың болмауы, жолдардың жабылуы секілді хабарлар осында көрсетіледі. Бұл хабарламалардың көптеп таратылуымен қолданушылар саны да көбейді. Мысалы, мұнда қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің ақпараты үздіксіз жарияланады. Сондай-ақ қосымшада қалалық автобустардың қозғалысын да бақылауға болады. Қоғамдық көліктер туралы ақпарат қалалық көлікті тиімді пайдаланып, экология жағдайына үлес қосуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қосымшаны пайдаланушылар ауаның ластану деңгейін де бақылай алады» деді спикер.

Халықаралық және ішкі әуе рейстерінің ұшу және ұшып келу уақытын, сондай-ақ, теміржол вокзалы мен автобекет кестесін көруге мүмкіндік қарастырылған. Қала қонақтары үшін демалыс орындары, саябақтар және сауда орталықтарының тізімі ұсынылған. Қала тұрғындары «Smart Astana» қосымшасынан оқу, спорт мекемелері және өзге де ғимараттар жөнінде анықтамалық ақпарат ала алады. Мобильді қосымшаның басты артықшылығы – қажетті ақпаратты оңай табу және қала тұрғындарының қалалық қызметтерді кеңінен пайдалана алуы.

ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖАУАПТЫ

– «Smart Astana» мобильді қосымшасында 2023 жылдан бастап Ішкі істер министрлігімен бірлесе дайындалған «қауіпсіздік» сервисінің жаңа санаты іске қосылғанын атап өткім келеді. Солардың қатарындағы «Stop жемқорлық» функциясы арқылы қала тұрғындары жемқорлық фактілерін азайтуға үлес қоса алады. Мұндағы «жемқорлық бойынша шағымдану» бөлімінде жемқорлық фактісі бойынша кімнің не талап еткенін, оқиғаның қай ауданда және қалай болғанын нақтылап жазып, шағым жіберуге болады. «Жемқорлық бойынша арыздану» тетігін басу арқылы көрсетілген арыз үлгісі толтырылып жіберіледі. «Call-орталық 1424» функциясы арқылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің call-орталығына қоңырау шалуға болады. Мобильді қосымшаның осы санаттан келіп түскен деректері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментіне жіберіледі, – деді спикер.

Мобильді қосымшаның қызметтері қатарында есірткі заттарының заңсыз жарнамасын (есірткі граффити) жедел жоюға бағытталған функцияның бары қуантады. Елордалық полицейлер синтетикалық есірткіні заңсыз сатумен күресу үшін пәрменді шаралар қабылдауда. Осы мақсатта бұл санат қалалық Полиция департаментімен бірлесе ұсынылды. Бұл жайлы Астана қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция майоры Аделия Әлжан мәлімдеді.

«Тұрғын үйлердің, гараждардың, әкімшілік ғимараттардың қабырғаларында есірткінің таралуын насихаттайтын сайттардың жарнамалары бар трафареттер мен граффитилерді жою мақсатында жаңа технологиялар тиімділігін көрсетіп отыр. «Smart Astana» мобильді қосымшасы қолданушыға есірткі граффитиді суретке түсіріп жіберуге мүмкіндік береді. Бұл ретте бағдарламаның өзі оның орналасқан жерін танып, барлық деректі Астана қаласы Полиция департаментінің арнайы арнасына жіберіп, полицейлер тез арада шара қолданады. Әрбір өтініштің орындалу жағдайы арнайы есепке алу бағдарламасында көрсетіледі. Ақпараттық қызмет биыл ғана іске қосылып, бірінші күннің өзінде-ақ, «Алпамыс» тұрғын үй кешенінің тұрғынынан үйдің қабырғасында күдікті жазу бары айтылған хабарлама келіп түсті. Аталған жайт бойынша учаскелік полиция инспекторы шара қолданды» деді А.Әлжан.

«Қауіпсіздік» санатындағы «велосипедті тіркеу» қызметі ұрлық сынды жағымсыз жағдайлардың алдын алуға бағытталады. Ол үшін тұрғындар меншігін техникалық құжат бойынша тіркеуі керек. Сондай-ақ велосипедпен жүруге өтініш беру мүмкіндігі де осы қауіпсіздік сервисінде қамтылған.

– Жыл сайын велосипедтер саны артып келеді. Өкінішке қарай, онымен бірге оларды ұрлау да жиілей түсті. Елордада күн сайын кемі 5, әрі кетсе 10 велосипед ұрланады. Халықты велосипедтерін қорғаныс механизмдерімен жабдықтау және арнайы орындарда сақтау қажеттілігі туралы үнемі хабардар етуге қарамастан, велосипед ұрлау саны өткен жылғы ағымдағы кезеңмен салыстырғанда екі есеге өсті. Салдарынан тұрғындарға шамамен 3 млн теңге шығын келген. Ұрланған велосипедтердің орташа құны – 70 мың теңге. Велосипед ұрлығын азайту үшін «Smart Astana» платформасында тұрғындар қос дөңгелекті құралдың суреті мен ерекшелігін, иесінің жеке дерегін енгізсе болғаны. Бұл бағдарлама учаскелік полицейлердің жұмысын жеңілдетеді, – деді полиция майоры.

Елордалықтардың, әсіресе жастар көп жиналатын ойын-сауық орындарында қоғамдық қауіпсіздік туралы ақпаратты «ойын-сауық мекемелерінен» білуге болады. Яғни мұнда мейрамхана, дәмхана, басқа да ойын-сауық орындарының рейтингі ұсынылып, қолданушылар қауіпсіз мекемені таңдай алады.

«Мысалы, рейтинг жасау кезінде өрт сөндіру құралдарының, бейнебақылау және мамандандырылған күзет қызметінің, дабыл түймелерінің болуы, сондай-ақ ойын-сауық мекемелерінің аумағында жасалған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны ескеріледі. Азаматтардың «102» арнасына құқықтық тәртіпті бұзғаны үшін шағымданған өтініштер саны да назарға алынады. Айта кету керек, рейтинг тек ұсыныс сипатында, ал мақсаты – елорда тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деді өз сөзінде жоба жетекшісі А.Еспек.

ТҰРҒЫНДАР ҚАЖЕТТІЛІГІН ЕСКЕРЕДІ

«Ақылды қаланың» көздейтіні – адам және оның қажеттілігі. Күнделікті тұрмыстың барлық сұранысын қамтитын қосымша денсаулық сақтау мәселесін де назардан тыс қалдырмаған. Оған жауапты «денсаулық сақтау» санаты елорданың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы және «Damumed» компаниясымен бірлесіп, қалалық мобильді қосымша арқылы дәрігер қабылдануына жазылу, медициналық анықтамаларды тексеру, «i-teka» жүйесі арқылы дәрілерді іздеу, өзіңізге жақын орналасқан медициналық ұйымдар тізімін көріп, тіпті QR-кодты сканерлеп, емхана және медицина қызметкеріне қатысты ұсыныс-пікірлерді де қалдыруға болады.

Елорданың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығына қатысты тетіктер мобильді қосымшада қамтылып, мұнда су көрсеткішін беруге, сондай-ақ көмірді онлайн-ақ сатып алу мүмкіндігі бар.

Ауа райы күрт суытқан сайын көмірге деген сұраныстың да артатыны белгілі. Тұрғындар үшін қатты отынның сапасымен қатар бағасы да маңызды. Енді елордалықтар қай нүктеде қандай көмірдің барын, оның бағасының қандай екенін үйінен шықпай-ақ, мобильді қосымшаның «көмір» санаты арқылы біле алады. Мұнда көмірдің бар-жоғы, сату орталығының мекенжайы, бағасы мен сапасы туралы ашық ақпарат ұсынылған. Мобильді қосымшада 13 сауда нүктесі мен көмірдің 5 түрі көрсетілген. Сатып алушыға ыңғайлы болу үшін қосымшада қызмет көрсетушінің байланыс телефоны жазылған. Егер сату орнында көмір болмаса немесе оның бағасы тым қымбат болса және қызмет көрсету сапасы көңілден шықпаған жағдайда, «Smart Astana» мобильді қосымшасында пікір қалдыруға немесе шағым жазуға болады. Бүгінгі таңда көмірдің орташа бағасы өткен жылдың деңгейінде сақталып тұр. Мәселен, Шұбаркөл көмірінің тоннасы –15100 теңге, Қаражыра – 15100 теңге және Майкөбе 13800 теңгеден саудалануда.

«Белсенді тұрғын» санатында елорданың күнделікті жаңалықтары, жастарға арналған аула клубтары, велосипед, жүгіру жолдары, көшедегі жаттығу құрылғылары бойынша анықтамалық ақпарат алуға болады. Барлық қызмет пайдалануға ыңғайлы болуы үшін бірыңғай интерфейске бірікті. Қалалықтардың жұмыссыздық деңгейін азайтуды көздеген мобильді қосымшада елордадағы бос жұмыс орындарын табуға болады. Бағдарлама enbek.kz электронды порталымен байланыста жұмыс істейді. Өзекті деген бос жұмыс орындары мұнда да күнделікті жаңартылып тұрады. Қызығы қосымшаға күнделікті кіріп, цифрлық белсенділік танытқан тұрғындар ұпай жинап, оларды «Smart Astana» ұсынған арнайы сыйлықтарға алмастыра алады.

Цифрландыру қай салаға болсын серпін беретіні сөзсіз. Ел астанасын заманға лайық қарқынмен дамытуда айтылған «Smart Astana» мобильді қосымшасы өз тиімділігін көрсетіп, тұрғындардың сұранысы көп бірегей жобаға айналып келеді. Ал ақпараттық технологияның басты көздегені – елордалықтардың сұранысын қамтып, тұрмысын жеңілдету.

ДАБЫЛ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ ОРНАТЫЛДЫ

Астанада тұрғын үйлерге дабыл құрылғылары орнатылды. Әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың үйлеріндегі түтін мұржалары да тазартылады.

Елордада жылыту маусымының басталуына орай төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Осыған орай, Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаментімен, Байқоңыр ауданының Төтенше жағдайлар басқармасымен, Ювеналды полиция басқармасының қызметкерлерімен бірлесіп, аудан аумағындағы жер үйлерді аралау жұмысын жалғастырып жатыр. Іс-шара кезінде әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың, сондай-ақ зейнеткерлер тұратын үйлерге өрт қауіпсіздігі үшін дабыл құрылғылары орнатылуда.

Дабыл құрылғылары (датчик) дыбыс және жарық сигналдарын бере отырып, тұрмыстық үй-жайларда көміртегі тотығының дабыл және авариялық концентрациясының белгіленген шегінен асып кетуін үздіксіз бақылауға арналған. Іс-шара барысында Байқоңыр ауданы бойынша барлығы 4200-ге жуық тұрғын үй секторын қамту жоспарланған. Бүгінгі таңда 3000-нан аса тұрғын үй секторында аралау жұмысы жүргізіліп, 51 жеке секторда аталған датчиктер орнатылды. Бұдан басқа, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету мақсатында қажетті үйлерде түтін мұржаларын тазарту жұмысы жүргізіледі.

№129 (4562) 31/10/2023 Сейсенбі

Қазіргі таңда IT саласы дүние жүзінде үлкен сұранысқа ие. Экономикасы дамыған, әлеуеті жоғары өркениетті елдердің барлығы дерлік сандық жүйеге көшіп, өнеркәсібінің дамуы мен халқының әл-ауқатын жылдан-жылға жақсартып келеді. Елді цифрландырудың басты мақсаты – тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, сонымен қатар, ұлттық экономиканы цифрландыру. Цифрлы үдеріс – экономика дамуының көрсеткіші. Ендеше осы салаға мемлекетіміздің стратегиялық басымдық беруі заңды да.

ЦИФРЛАНДЫРУ – ДАМУ ТЕТІГІ

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚОЙҒАН МІНДЕТ

Биылғы Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елді цифрландырудың маңызына ерекше тоқталды.

– Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз. Былтырдың өзінде IT саласындағы экспортымыз бес есе өсті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 500 миллион долларға жетуі мүмкін. Әрине, мұнымен шектелмейміз. 2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу – Үкіметке жүктелетін жаңа міндет. Шетелдің ірі IT компанияларымен бірлескен кәсіпорындар ашу бұл іске септігін тигізері сөзсіз. Үкімет осы мәселені мұқият зерделеп, нақты ұсыныстар енгізуі керек, – деді Президент биылғы Жолдауында.

Сондықтан қазір IT мамандығы ең сұранысқа ие, ең табысты мамандық саналады. IT мамандардың аздығы тек Қазақстанды ғана емес, бірқатар мемлекетті алаңдатып отыр. Әлемдік рейтинг бойынша бұл ең қажет мамандықтар тізіміне кіреді. Жұмыс берушілер осы кәсіп иелеріне деген сұраныс пандемияға дейін де жоғары болған дейді.

IT мамандарды бізге көптеп оқыту керек. Қазір жаңа технологиялар, өндіріс, көлік сынды барлық салаға ықпал етіп жатыр. Бүгінде бізде бос орындар бар. IT-дің өзі бірнеше түрге бөлінеді. Соның 21 мамандығы бойынша мамандар қазір ауадай қажет.

«Әсіресе веб-дизайнер, қосымша жасаушы, бағдарламалау, маркетинг, SMM менеджер, инженер-бағдарламашы мен жүйе инженеріне сұраныс көп» дейді жұмыспен қамту орталығының мамандары.

Қазіргі еңбек нарығында елордамызда бұдан өзге телекоммуникациялық байланыс, денсаулық сақтау, білім беру саласына да білікті мамандар керек-ақ.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘРДЕМДЕСЕ МЕ?

Үкімет жасанды интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар. Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін.

Мұны да Мемлекет басшысы ерекше атап айтты. Оның айтуынша, жасанды интеллектінің мүмкіндігін толық пайдаланса, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек.

Цифрландырудағы негізгі мақсаттың бірі де бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие процесін жеделдету және жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту екен десек, осы орайда білім беру сапасын арттыру екені түсінікті. Біздің балаларымыз халықаралық деңгейде әртүрлі салада, оның ішінде жасанды интеллект және «ауқымды деректер» жасау саласында бәсекеге қабілетті болуы тиіс.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былай деген болатын.

– Бұл салада жаһандық бәсеке өте жоғары. Қазақстан осы үрдістен тыс қалмауы керек. Бұл – заман талабы. Сондықтан біз қазір озық технологияны дамытуға айрықша назар аударып отырмыз. Қазіргі міндет – еліміздегі IT мамандардың, сарапшылардың, ғалымдардың басын қосып, олардың күш-жігерін тиімді пайдалану, – деді Мемлекет басшысы өз сөзінде.

ТАЯУ АРАДА ЖАСАНДЫ АҚЫЛ-ОЙ 300 МЛН АДАМДЫ НӘПАҚАСЫЗ ҚАЛДЫРУЫ МҮМКІН ЕКЕНІ ДЕ АЙТЫЛЫП ЖҮР. СОНДЫҚТАН ДА ЖАҢА ДАҒДЫЛАРДЫ МЕКТЕПТЕН БАСТАП ҮЙРЕТУ ҚАЖЕТ

Жуырда Астанада өткен бір халықаралық семинар-тренингте IT саласының маманы Мейіржан Әуелханұлы «Журналистикадағы жасанды интеллект» туралы тәжірибесін ортаға салды.

– Жасанды интеллектпен жұмыс істей алатындар мен істей алмайтындар деген мәселе алдағы уақытта жұмыс берушілердің алдынан шығуы ғажап емес. Себебі заманның талабы сондай, жасанды интеллект өмірімізге енді, оның игілігін көруіміз керек, – деді ол әріптестеріне тренинг өткізген кезінде.

Жасанды интеллектіні үйренуге жастар ықыласты. Тіпті үлкендер жағы да заманның трендіне айналған технологияны үйренуге кірісіп кетті. Енді тек интернетіміздің жеделдігі дұрысталса, IT саласын егжей-тегжейлі меңгеруге болады.

Мұнда тағы бір мәселе бар – жаңалықтармен қоса жасанды интеллект адамзатқа игілік әкеле ме, әлде құрдымға кетіре ме деген сұрақтардың туындауына да әсер етті. Ұжымдық қауіпсіздік мәселесі әрдайым бақылауда болуы керек екенін ескертті, таяу арада жасанды ақыл-ой 300 млн адамды нәпақасыз қалдыруы мүмкін екені де айтылып жүр. Сондықтан да жаңа дағдыларды мектептен бастап үйрету қажет. Бұл білім бағдарламасына да өзгерістер енеді деген сөз.

Жаңа технологияны жүзеге асыру үшін жылдам интернет қажет. Осыған байланысты Президент 5G желісін уақытынан бұрын іске қосуды тапсырды. Яғни 2027 жылы емес, 2025 жылы барлық облыс орталығы ұялы байланыстың жаңа буынына қосылуы қажет.

Министр Бағдат Мусин бұл жұмысқа әйгілі Илон Масктың SpaceX компаниясы көмектесетінін айтты. Жарты жылдың ішінде Қазақстандағы 2 мың мектеп Starlink жүйесі арқылы жылдам ғаламторға қосылады деп отыр.

БОЛАШАҚ ҚАДАМДАРЫ

Қазір әзірленіп жатқан заң жобасында да экономикамызды ғылым мен инновацияға сүйене отырып дамыту логикасының көрініс табуы өте маңызды.

Бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, технопарк, құрастыру бюросы сияқты инновация инфрақұрылымдарын құруға қатысты жеке бастамаларға сөз жүзінде емес, нақты іспен қолдау көрсететін пәрменді шаралар керек. Шетелдің озық тәжірибесін пайдаланған жөн. Елімізді инновация жолымен дамыту үшін Астанада және Алматыда қажетті экожүйе қалыптастыруға мән беріліп отыр. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды.

Президент айтқанындай, аймақтардағы дарынды әрі ойы ұшқыр, яғни креативті азаматтардың әлеуетін толық ашуына жағдай жасауымыз керек. Аймақтағы жоғары оқу орындарының негізінде біртұтас инновациялық экожүйе құру қажет. Оны нақты сектормен тығыз ынтымақтаса отырып жүзеге асырған жөн. Бұл жұмысты әрбір облыс орталығында жүргізу керек. Астана хабының тәжірибесін кеңінен пайдаланған жөн.

Осыған қоса, ел ішіндегі өндірісті жаһандық жаңғырту және цифрландыру шеңберінде тоғыстыру керек. Сонда ғана Қазақстан экономикасы дамыған әлем елдерінің көшіне ілесіп, ақпараттық саланың тың жетістігін пайдаланады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ: ҮМІТ ҮЛКЕН

Астана қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы елордадағы мемлекеттік органдардың функцияларын автоматтандыру қызметін атқарады. Сонымен қатар инновация, ақпараттандыру, цифрландыру, байланыс, электрондық үкімет саласында қызмет көрсетеді. Бүгінгі таңда басқарма әкімдіктің бизнес-процестерін автоматтандыру бойынша қарқынды жұмыс жүргізуде, соның ішінде дәл қазіргі сәтте 10-нан астам әлеуметтік қызметті тестілеуден өткізуде.

Райхан РАХМЕТОВА

Аталған басқармаға қарасты «Astana Innovations» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Даниял Айткеновтің айтуынша, халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған тіс протездеу бойынша әлеуметтік қызметтерді алу үшін бұрын ересектердің жұмыспен қамту орталығына барып, өтінім беруіне, сосын қайтадан кезекке тұрып, рұқсат берілгенін анықтау үшін белгілі мерзімде жауапты күтуіне тура келетін. Себебі бұл қызмет екі жылда бір рет қана көрсетіледі. Жұмыспен қамту орталығы әрбір тұрғынның бұрын бұл қызметті алғанын немесе алмағанын білу үшін жеке-жеке тексеретін, сосын рұқсат берілген тұрғын тіс дәрігеріне барып, өтінім беріп, кезегін күтетін.

– Енді осы жүйені тестілеуден өткізгеннен кейін аталған қызмет birge.astana.kz порталында қолжетімді болды, тұрғындар порталға тіркеліп, тіс протездеуге өтінім береді де, тіс дәрігерінің қабылдау күні мен уақытын күтеді. Ал жұмыспен қамту орталығына бұрынғыдай оларды тексерудің қажеті жоқ. Себебі енді оның бәрін жүйе өзі тексеріп, тұрғынның мәртебесі туралы хабарлама жібереді, – дейді ол.

Тәжірибелік өндірістік сынақтағы тағы бір маңызды процестің бірі – мүмкіндігі шектеулі балаларға БМСК көрсету (психологиялық-медициналық-педагогикалық-консультативтік көмек) және оларды тексеру бойынша жоба.

Әзірге осы қызмет түрін алу үшін ата-аналар немесе олардың заңды қамқоршысы мүмкіндігі шектеулі балалармен бірге кезек күтуі керек. Порталда осы қызметті енгізгеннен кейін тексеруге жазылу үшін өтінімді онлайн түрде беріп, сосын жазылған уақытта дәрігерге келуіне болады. БМСК нәтижелері мен ұйғарымдары да «Birge» жеке кабинетіне келіп түседі, сонымен қатар жергілікті жерде талап етілген ұйымдарға да жолданады.

Бұған қоса, «Отбасының цифрлық картасы» зияткерлік жүйесімен біріктіру жұмысы жүргізілді. Бұл әлеуметтік мәртебе туралы деректерді тексеріп, орталықтар қызметінің сапасын бағалау мүмкіндігіне қол жеткізеді.

– Біз бірыңғай цифрлық тұғырнама жасау бойынша жұмысты бастадық. Онда денсаулық сақтау және жұмыспен қамту саласындағы қолданыстағы цифрлық қызметтер мен процестердің бәрі біріктіріледі. Сол арқылы кез келген медициналық көмекті қиындықсыз аласыз. Осы жұмыстардың арқасында көрсетілетін қызметтердің сапасы жақсарып, бақылауды жақсартудың арқасында атқару тәртібі мен өзара іс-қимыл жылдамдығының сапасы 2-3 есе артады, – деді Д.Айткенов.

Басқарма тарапынан сонымен қатар азаматтармен өзара іс-қимылды жақсарту және инновацияларды ынталандыру үшін қала мен оның қызметтері туралы деректердің ашық тұғырнамасын жасау жұмысы жүргізілуде. Қалада қазіргі таңда цифрлық қызметтерді дамытуда қандай кедергілер бар? Біріншіден, деректер қауіпсіздігі мен оларды сақтау әлі де өзекті болып отыр, сонымен қатар жаңа технологиялар мен қызметтерді енгізу рәсімдері ұзақ әрі күрделі жүргізіледі, ол мемлекеттік органдарды цифрландыру процесін баяулатады. Халықтың бірқатар бөлігі мен мемлекеттік ұйымдардағы қызметкерлердің цифрлық сауатының төмендігі де цифрландыру процесінің ақырын жүруіне ықпал етеді. Сондай-ақ түрлі мемлекеттік органдар мен құрылымдар арасында өзара іс-қимылдың аздығы цифрлық шешімдердің тиімді интеграциясына кедергі келтіреді.

Қазір қаржы пирамидаларының құрығы ұзын, айласы көп болып тұр. Күн сайын жүздеген, ай сайын мыңдаған адам алданып, айдың-күннің аманында жиған-терген қаржысынан айырылып қалуда. Біз Полиция департаментінің Ерекше маңызды істер бойынша аға анықтаушы, полиция капитаны Бауыржан Рыстинді әңгімеге тарттық.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ: ЗИЯНЫ МЕН ЗАЛАЛЫ

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Нарықтық қатынастармен бірге түрлі қаржылық пирамидалар келді. Ал Батыс пен АҚШ-та жалған бизнес-модель XX ғасырдың 20-жылдары кең қанат жая бастады. Оған ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп ақшалы болуды армандаған адамдар себепкер болды.

1919 жылы АҚШ-қа жұмыс істеп барған италиялық эмигрант Чарльз Понци бизнес-модельдің жалған түрін ойлап тапты. Бір жыл өтпей-ақ 20 миллион доллар табыс тауып, «Понци схемасы» дейтін термин қалыптасты.

Бүгінде Чарльздің шәкірттері жер-жерде оңай олжаға кенелу үшін түрлі айла-амал ойластырып, қарапайым халықтың қыруар қаржысын қолды етіп жүр. Бауыржан Рыстиннен қаржы пирамидасына адамдар тез алдануының себебін сұрадық.

– Ең бірінші, тез және оңай ақшаға уәде береді. «Понци схемасы» бойынша инвестициялық кәсіпорын ретінде таныстырады. Көбінесе акциялар мен облигацияларды сатып алуды ұсынады және ақшаны жоғары рентабельді құрылысқа, алтын өндіруге немесе өте тиімді өндіріске салуға уәде береді. Мұндай алаяқтық схеманы жүзеге асыруда жарналық, насихаттық жұмыстар жақсы жүргізіледі, – дейді полиция капитаны.

«ПОНЦИ СХЕМАСЫНЫҢ» ЕРЕКШЕЛІГІ НЕДЕ?

– Біріншісі, әдетте қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар алғашқы қатысушыларға уәде етілген кірісті өз қаражатынан төлейді.

Екіншісі, қаржы алған инвесторлар туыстары мен достарын тартады. Бұл кезеңде жаңа қатысушыларға сыйақы енді өз қаражаты есебінен емес, жаңадан келгендер есебінен төленеді.

Үшіншісі, қатысушы саны артқан кезде пирамида күйреп, оңай олжаға сенген адамдар сыйақысыз және қаражатсыз қалады, – дейді Бауыржан Рыстин.

Бүгінде қаржы пирамидасын іске асыратын компанияларға әлеуметтік желі негізгі құралға айналды. Видео, аудио, текст арқылы өздерінің қызметін насихаттап, құрығына түсіреді.

– Қазір адамдар әлеуметтік желі арқылы алданады. Сондықтан біз де әлеуметтік желіде ақпараттық-түсіндіру жұмысын қолға алдық. «Instagram» (police_astana), хаус чаттар (WhatsApp) арқылы алаяқтық және қаржылық пирамиданың негізгі ерекшелігін түсіндіретін материалдар орналастырып, жариялаудамыз, – дейді полиция капитаны.

Әлемдегі ең атышулы пирамида – Бернард Мэдоффтыкі. Оның Madoff Investment Securities компаниясы 1960-2008 жылдары 3 миллион адамнан 50 миллиард доллар шығынға батырды. Әлемнің 30 елі қаржы пирамидаларының қызметіне тыйым салды. Соның ішінде Аустрия, Ұлыбритания, Франция, Канада, Италия, Қытай, Біріккен Араб Әмірліктерін ерекше атау керек.

– Қаржы пирамидасын құру, қызметін басқару Қылмыстық кодекстің 217-бабымен, ал насихаттау Әкімшілік кодекстің 150-бабымен жазаланады, – дейді Бауыржан Рыстин.

ЕЛДЕ ҚАРЖЫ ПИРАМИДАЛАРЫ КӨП ПЕ?

Бұл сұраққа Қаржылық мониторинг агенттігі жауап берді. Агенттік сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған жобалар, тергеп-тексеру аяқталған жобалар, сот үкімі шыққан жобалар деп қарастырып, компанияның атауын көрсетіп, интернет ресурсында жариялады.

Соңғы үш жылда сот үкімі шығып, 28 қаржы пирамидасының жұмысы тоқтатылды. Оның ішінде 2023 жылдың 5 мамырында сот үкім шығарған «Свой дом» компаниясы Шымкент қаласында инвесторларға жеті күннің ішінде 40 пайыздық табыс уәде еткені анықталды.

2021 жылы 11 мамырда сот үкімі шыққан компанияның бірі – «Денежный поток». Қаржы пирамидасының ұйымдастырушылары инвесторларға инвестиция сомасының 25 пайызы табыс болатынына сендіреді. Пирамиданың қаржы айналымы 200 миллион теңгені құраса, 370-тен астам адам қылмыстық схеманың құрбаны болады.

«2021-2022 жылы «Атамекен 2021» тұтыну кооперативінің менеджері инвесторларға Ақтау қаласында жылжымайтын мүлік пен автокөлікті тиімді шартпен (үстеме төлемсіз бөліп төлеу арқылы) сатып алуды ұсынады. Бұл компанияның жұмысына сот 2023 жылдың 1 ақпанынан тыйым салды.

Чарльз Понцидің ізбасарлары әртүрлі қызмет көрсетуді жарнамалайды, әрі қоғамға тигізген зиян-залалы да әркелкі. Бірі – баспана, екіншісі – көлік, үшіншісі мол қаржы табатынына уәде береді. Мәселен, «Finiko» криптовалюта қызметін ұсынады. «Мебельный проект Нур»/«Нұр-жиһаз» жиһазды ойнатса, «Innova Gold» алтыннан әшекей бұйымға инвестиция құюды үгіттейді.

Әлеуметтік желілерде мемлекеттік сатып алу конкурсының (тендер) механизмін жаңжақты үйретіп, табыс табуды жарнамалайтын компаниялар бар. Бұған да сақтықпен қарау керек. Мәселен, сот үкімі шыққан сондай қылмыстық схеманың бірі – Нарымбетова (Тендер» жобасы).

Биыл сот үкімі шыққан қаржы пирамидалары – «Qnet», «Елімай-2019» ТК, «Finiko», «Innova Gold», «Qozqan», «Antares»/ «Antares Trade», «Eden life», «MMK Investment», «Sincere Systems», «Семейный капитал», «4 күн 70 пайыз, 5 күн 70 пайыз», «Айналым», «VIP чат», «Bay Life», «Bay Life чеки», «Бронь» мессенджерлердегі чаттар.

Әрине, нарықтық қоғамның бір талабы – табысты болу. Рас, сананы нарық билеген уақытта әрбір адам табысты болуды қалайды. Алайда оның нақты жолын білмей жатады. Міне, осындай пиғыл-ниетпен жүрген адамдар «Понцидің схемасына» оңай алданады.

– Қарапайым адамдардың қаржы пирамидасына жиі алдануының себебі көп. Біріншіден, жақын ағайын-туыстары үгіттейді. Екіншіден, елге танымал өнер жұлдыздары жарнамалайды. Бәрінен бұрын, нарықтық қоғамда кім табысты болғысы келмейді. Дегенмен тартылған клиент үшін сыйақы беруді және нарықтық деңгейден бірнеше есе жоғары кіріске кепілдік берсе, мұндай компанияларды жан-жақты тексеру керек, – деді Полиция департаментінің Ерекше маңызды істер бойынша аға анықтаушы Бауыржан Рыстин.

P.S: ***XX ғасырдың 20-жылдары жатыпішер Чарльз Понциден басталған қаржы пирамидалары жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейіп кетті. Мұның айқын дәлелі, 2021 жылы 5 қаржы пирамидасына, 2022 жылы 10-ына, 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 13 қаржы пирамидасына сот үкімі шықты. Бәрінің мақсаты біреу – ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп, қаржыны күреп табу. Алданбаудың жолы да біреу – өзіңнің маңдай теріңмен қаржы табудан айнымау керек.***

АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ ЖОЛЫ – ЖАРИЯЛЫЛЫҚ

Қаржылық пирамида – қаржылық инвестиция саласындағы өте қауіпті әрі кең тараған қылмыс түрі. Олардың таралуы әлеуметтік-қоғамдық қауіптің артуына алып келеді. Әдетте әр пирамида төрт өмірлік кезеңнен өтеді. Бұл – бастау, өсу, дағдарыс және күйреу.

Мамандардың айтуынша, азаматтар қаржылық сауаттылық деңгейін арттыруы қажет. Бұл туралы **Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми өкілі Әлібек ӘБДІЛОВ** айтып берді.

Ресми өкілдің айтуынша, адамдар жылдам көп ақша табуға үміттеніп, алаяқтардың тұзағына түседі. Қаржы пирамидасының бір тәсілі – тез және оңай ақша туралы уәде беруі. Кейде «жалған қаржы» ұйымдары жылдық пайданы 300 пайызға дейін ұсынады. Ал ақша – кредит саясаты Комитеті белгілеген сыйақылардың шекті мөлшерлемесі жылдық 16 пайызды құрайды.

Қаржы пирамидасының желілік маркетингтен айрықша белгісі – бұл жаңа салымшылар мен олардың ақшаларын тарту қажеттілігі, соның есебінен бұрынғылар белгілі бір мөлшерде қаржы (дивидендтер) алады.

– Желілік маркетингте кез келген өнімді сатып алу үшін компанияның салымшысы болудың қажеті жоқ. Оны кез келген менеджерден сатып алсаңыз жеткілікті. Пирамидаларды ұйымдастырушылар кез келген өнімді (зергерлік бұйымдар, косметика, дене күтімі өнімдері) сатумен немесе білім беру курстарын ұсыну секілді жалған сөзбен халықты алдайды. Әдетте, мұндай әңгімелер адамдарға жаңа салымшылар мен олардың ақшаларын қалай тарту керектігін үйрету үшін ғана жүргізіледі, – деді спикер.

Екіншіден, қаржы пирамидалары «Микроқаржы ұйымдары мен ломбардтардың атымен жұмыс істейтін жобалар арқылы әрекет етеді. Көбінесе ұйымдар қарыз түрінде ақша беру арқылы халықты тартады. Мұндай жобалар қарыз алуға және беруге ниет білдірген тұлғаларға қызмет көрсететін виртуалды биржалар түрінде болуы мүмкін. Пайда табу тек жаңа салымшылардың жарналары арқылы жүзеге асырылады.

– Мұндай клубтар круиздерді, жолдамаларды, саяхаттарды, бизнес құру және ілгерілету, маркетинг, инвестиция негіздері, копирайтинг, пальмология, астрономия, психикалық тепе-теңдікті жақсарту, психология, нумерология, рәміздер, сиқыр және т.б. бойынша оқытуды ұсынады. Әр қатысушы бағдарламаларға байланысты белгілі бір мерзім ішінде жаңа тұлғаларды тартуы және (немесе) кіру жарнасын енгізуі қажет, – деді ресми өкіл.

Осындай жағдайда азаматтар қаржы пирамидасының тұзағынан қалай сақтану керек?

– Біріншіден, үлкен пайдаға қызығудың қажеті жоқ. Ол жаңа қатысушыларды тарту арқылы қалыптасатынын ұмытпаңыз. Егер пирамида құлаған кезде белгілі бір мөлшерде төленетін қаржы (дивидендтер) тоқтатылатынын ескеру қажет. Екіншіден, мұндай жобаларға кірген кезде компанияның қаржы тартуға лицензияның бар-жоғын тексеру қажет. Үшіншіден, қаржы пирамидасы қатарына қосылу көбінесе азаматтардың өз еркімен және құқықтық сүйемелдеусіз жүргізіледі. Соның нәтижесінде ешкім салынған қаражаттың кері қайтарылуына кепілдеме бермейді, – деді ол.

МАМАНДАР КЕЛІСІМШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮҒА АСЫҚПАУҒА КЕҢЕС БЕРЕДІ

– Егер сіз қаржы пирамидасына кірсеңіз және өз қаражатыңызды алғыңыз келсе, онда дереу құқық қорғау органдарына хабарласыңыз. Пирамида құрбандарының арасында аз мөлшерде ақша жоғалтқан адамдар өте көп болады. Олардың көбісі ақшасын жоғалтса да, әрекет етпейді. Нәтижесінде алаяқтар адамдарды алдауды жалғастыра береді. Алаяқтықпен күресудің маңызды кезеңі – істі көпшілікке жария ету, – дейді Әлібек Әбділов.

Елімізде қаржы пирамидасын құрғаны және жетекшілік еткені үшін Қылмыстық кодекстің 217-бабында қылмыстық жауапкершілік көзделген. Сондай-ақ Қылмыстық кодекстің 217-1 бабына сай қаржы пирамидасының қызметін жарнамалағаны үшін де жауапқа тартылады.

– Олар сізге хабарласып, аты-жөнін айтып, өздері банктің болмаса құқық қорғау органының қызметкерлері ретінде таныстырады. Кейін сіздің атыңызға несие рәсімделгенін болмаса қылмыстық іс қозғалғанын айтады. Кенеттен хабарласып, олар сізге түрлі сұрақ қойып, айла-тәсілдер қолданып, банктік деректеріңізді алады. Бірнеше секунд ішінде сіз өз атыңызға несие рәсімдегеніңізді болмаса басқа біреуге өз қаражатыңызды жібергеніңізді байқамай қаласыз. Мұндай алаяқтық амалдарға тап болмаңыз. Олардан сақ болыңыз, – деп сөзін түйіндеді Әлібек Әбділов.

Сәбина КӘКІМЖАН

№129 (4562) 31/10/2023 Сейсенбі

Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы бас қаладағы көптеген игі істерге ұйытқы болып келеді. Әсіресе, ана тіліміздің қолданыс өрісін кеңейтіп, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруде жыл сайын бір қыдыру жұмыстар атқарады. Мәселен, 2023 жылы қазақ тілі курсында 1500 тыңдаушыны оқыту жоспарланған. Қазіргі уақытта 819 тыңдаушы курсты аяқтап, қалған 681 тыңдаушыға сабақ өтуде. Қатысушылардың 40 пайызға жуығы – өзге этнос өкілдері. Сондай-ақ аталған басқарманың ұйтқы болуымен тұтынушы мен қызмет көрсетуші арасындағы тілдік барьерді жою мақсатында кәсіпкерлер интенсив қазақ тілі курстары жыл сайын ұйымдастырылып келеді.

ТІЛ – ТҰТАСТЫҚ ТІРЕГІ

ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАЛАРДЫҢ АТҚАРЫЛУЫН ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Астана қаласында Тіл туралы заңнама талаптарының орындалуына қатысты мәселелер бойынша «I-komek» жедел әрекет ету орталығы арқылы тіл туралы заңнама талаптарын бұзуға қатысты басқармаға 160, «е-өтініш» платформасы арқылы 343 шағым түсіп, барлық бұзушылықтар бойынша тиісті жұмыстар атқарылды. 2023 жылы жарнама агенттіктері мен қала кәсіпкерлерінен, мекемелерден 2268 эскиз жобасы ұсынылып, 1243-іне (54,8%) тиісті түзетулер енгізілді.

Ұлттық құндылықтарды насихаттау, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру бағытында да биыл көрнекті өнімділікке қол жеткізілді.

«Үш байлық» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі, мемлекет және қоғам қайраткері О.Асанғазы 42 мекемеде 402 адаммен және «Қарашаңырақ» ҚБ жетекшісі Тұрар Саттарқызы мемлекет және қоғам қайраткерін тарта отырып, 28 балабақшада 753 ата-анамен, 3 ЖОО-нан 334, 2 ОАО-нан 118 студентпен, 5 мектептен 1005 оқушымен кездесіп, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Абай шығармаларын насихаттау мақсатында әдеби-сазды кеш, Мәшhүр-Жүсіп, Шәкәрім, Халел Досмұхамедұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды тұлғалардың мерейтойларына орай «Адамдық борышың – халқыңа еңбек қыл» атты әдеби-танымдық кеш, жас ақындар арасында «Маржан жырдың – Мағжаны» республикалық жыр мүшәйрасы, «Алаштың жарық жұлдызы» атты әдеби-танымдық кеш, «Қалам мен ғалам» атты поэтикалық дуэль, Көркемсөз оқу шеберлері байқауы өтті.

Жазушы, драматург, киносценарист, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Әкім Үртайұлы Әшімовтың 90 жасқа толған мерейтойына арналған «Толғауы тоқсан Тарази» тақырыбында шығармашылық кеш, ақын Ж.Әбдіраштың 75 жылдығына арналған «Мен келдім бүгін сендерге, Өлеңімді алып бұлқынған» атты қалалық мектеп оқушыларының арасындағы мәнерлеп оқудан сайыс өткізді. Бұл шаралар қабырғалы қаламгерлердің еңбегін жас ұрпақ санасына сіңіру және оларың шығармаларын жастар арасында насихаттау ісіне тың серпін берді.

Наурыз мейрамы қарсаңында көшелер, саябақтар мен сауда орталықтарында 14-24 наурыз аралығында «Жүздің бірі – шешен» интеллектуалды сайысы, жас ақындар арасында «Наурыз айтыс» ұйымдастырылып, «Ырыс алды – ынтымақ», «Қазақстан – ортақ үйіміз», «Тілге құрмет – елге құрмет» тақырыптарында ашық сабақтар өткізілді. Ашық сабақтарда қазақ тілі курсының қатысушылары өлеңдер оқып, көктем, достық туралы әндер шырқап, «Сырға салу, қыз ұзату» сияқты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлермен, Наурыз көженің жасалу жолымен танысты, бата-тілектер айтылды.

5 қыркүйек күні Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлына тағзым етіп, Алаш қайраткерлері ескерткішіне гүл қоюдан бастау алған Қазақстан халқы тілдерінің XXV қалалық фестивалі аясында Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен бірқатар шаралар және қаладағы барлық білім мекемелерінде ертеңгіліктер, апталықтар ұйымдастырылып, сынып сағаттары, байқаулар, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдегі отырыстар өтті. Мекемелерде А.Байтұрсынұлының еңбектерімен танысу мақсатында дөңгелек үстелдегі отырыстар, кездесулер өтіп, «Ұлт ұстазы» фильмін көрсету арқылы А.Байтұрсынұлы туралы мағлұматтар берілді. Сондай-ақ аталған басқарманың ұйымдастыруымен «Өлең – сөздің патшасы» поэзия кеші, «Атаның сөзі – тәрбие көзі», «Ұлыларды – ұлықтау», «Ана тілің – арың бұл!», «Qazaqwa Quiz» интеллектуалды сайысы өтті.

Бабалардан қалған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді ұрпаққа жеткізу, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу, ұлттық дүниетаным негіздерін қалыптастыру мақсатында «Атаның сөзі – тәрбие көзі» тақырыбында 500-ден астам автобусқа қанатты сөз жазылған жалпы саны 1500 постер орналастырылды. Бұған дейін де қала көшелері мен даңғылдарындағы 300 баннер мен билбордқа танымал тұлғалардың нақыл сөздері ілу жоспарланып отыр.

Ұлыларды ұлықтау мақсатында қала көшелері мен даңғылдарына есімі берілген тұлғалар туралы аудиоматериал ретінде әзірленді. Әзірге елу бес ірі тұлға жайлы аудиоматериал жазылды, ол жолаушылар қоғамдық көліктерде ұдайы ұсынылуда.

26 қыркүйек күні мемлекеттік және құрылымдық мекеме қызметшілерінің арасында «Qazaqwa Quiz» интеллектуалды сайысы өтті. Сайыстың мақсаты – қазақ тілін, тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, ғылымын, өнерін, әдеби мұраларын насихаттау, ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын арттыру. Аталған сайысқа қатысуға 17 мекеме қатысты. Нәтижесінде I орынды құрама топ «Алаш үміті», II орынды «Ә.Мәмбетов мектебі» тобы, III орынды «Астана қалалық жарық» ЖШС «Елім-ай» тобы жеңіп алды.

ЕР ЕСІМІН ҰЛЫҚТАП...

Биыл елордамызда 13 құрамдас бөлікке, соның ішінде 9 жобалық көшеге, 1 алаңға, жаңадан ашылған бір ауданға атау беріліп, 2 көше қайта аталды. Атап айтқанда, қала көшелеріне Бейбарыс сұлтанның, Әскен Нәбиевтің, Бердібек Соқпақбаевтың, Шапық Шөкиннің т.б. есімдері берілді.

Сонымен қатар, қалалық ономастика комиссиясының қарауына келіп түскен ұсыныстар Астана қаласы мәслихаты тұрақты комиссияларының көпшілік тыңдауларында, Астана қаласының Қоғамдық кеңесі, қалалық ономастика комиссиясы отырыстарында, мәслихат сессиясында қаралып, оң шешімін тапқан Астана қаласының 23 құрамдас бөлігіне атау беру және қайта атау туралы, 11 білім беру мекемесіне атау беру туралы ұсыныс Республикалық ономастика комиссиясының қарауына жолданған. Соның ішінде елорда көшелеріне Мұзафар Әлімбаев, Оралхан Бөкей, Нұрлан Балғымбаев сынды тұлғалардың есімдері мен жер-су атаулары, халықаралық қарым-қатынасты одан әрі нығайту мақсатында Мажар ақыны – Шандор Петөфидің есімін, Түркия Республикасының құрылуының 100 жылдығына орай Анадолы атауын беру жоспарланып, өз шешімін тапты. Білім мекемелеріне Қазақстанның Халық қаһарманы – Қасым Қайсенов, Алаш қайраткері, ғалым-математик – Әлімхан Ермеков, Қазақстанның халық жазушысы – Шерхан Мұртаза, Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев және т.б. тұлғалардың есімдері беру де жоспарланып отыр.

Сондай-ақ қалалық ономастика комиссиясының отырысында «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілетін ұсыныстар пысықталып, 15 ұсыныс аталған тізімге енгізу үшін Республикалық ономастика комиссиясының қарауына жолданды.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ – ҚҰРМЕТ

Рәміздер күніне орай халықтың патриоттық сезімін нығайту, рәміздерге деген құрметін арттыру мақсатында қалалық іс-шаралар жоспары бекітіліп, әртүрлі мекемелерде 600-ге жуық имидждік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шаралар бағдарламасына ақпараттық сағаттар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, дәрістер, семинарлар, кітап көрмелері, мерекелік концерт, түрлі танымдық сайыстар, сурет пен шығарма байқаулары, жас мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдауы, авто-мото шеру, патриоттық акциялар, веложарыс, бәйге, челлендж және т.б. енгізілді.

4 маусымда «Әр үйдегі ту» акциясы аясында қаладағы ірі құрамдас бөліктердің бойындағы тұрғын үйлердің терезелері мен балкондарына 500-ге жуық Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы орналастырылса, Ұлттық ұланның ұйымдастыруымен «Хан-Шатыр» СОСО-нан бастап «Бәйтерек» монументіне дейін шеру өтті. Сонымен қатар 500 жалауша мен 200-ге жуық шар тегін таратылып, флешмоб ұйымдастырылды. 2017 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан жыл сайынғы авто-мотошеру өткізіліп, шеруге Қазақстанның мемлекеттік Туы бар 60-қа жуық автокөлік пен 20 шақты мотоцикл қатысты.

5 маусым күні Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын салтанатты көтеру және әскери оқу орындары түлектеріне офицерлік шен тапсыру рәсімі 500-дей адамның қатысуымен «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені алаңында өтті. БАҚ пен әлеуметтік желілерде 400-ден астам материал таралды, сондай-ақ «Orda FM» және «Astana FM» радиоарналарында аудиоролик жарияланды. Сондай-ақ «Астана қаласы әкімінің жанындағы Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияны құру туралы» Астана қаласы әкімінің 2023 жылғы 6 наурыздағы № 511-6 шешіміне сәйкес мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия құрылды.

> Бабалардан қалған ұлағатты, ғибрат аларлық сөздерді ұрпаққа жеткізу, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу, ұлттық дүниетаным негіздерін қалыптастыру мақсатында «Атаның сөзі – тәрбие көзі» тақырыбында 500-ден астам автобусқа қанатты сөз жазылған жалпы саны 1500 постер орналастырылды. Бұған дейін де қала көшелері мен даңғылдарындағы 300 баннер мен билбордқа танымал тұлғалардың нақыл сөздері ілу жоспарланып отыр

ҮГІТ-НАСИХАТ ТА ҚАПЕРДЕН ҚАҒЫС ҚАЛМАЙДЫ

«Тіл – тұтастық тірегі» атты қалалық акция аясында, «Сауда-саттыққа қажетті сөздер жиынтығы» қалта кітапшасы және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын түсіндіретін 500 жадынама сауда орталықтары мен тұрғын үй кешендеріндегі кәсіпкерлік нысан иелеріне таратылды.

Елордамыздағы сыртқы және ішкі көрнекі ақпараттарды заң талаптарына сәйкестендіру жұмыстарын жүйелі жүргізу үшін тиісті жұмыстарды, іс-шараларды атқару мақсатында ауқымды жобалар да қолға алынып жатыр. Соның ішінде «Қазақ тілі» қоғамымен бірге «Көрнекі» жобасы басталған болатын. Осы жоба аясында орын алған заң бұзушылықтарды қоғам өкілдерімен біріге отырып заңдастыру жоспарланған. Сонымен қатар астанада бекітілген дизайн-кодқа сәйкес сыртқы жарнама мен маңдайшаларды ретке келтіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тіл туралы заңнаманың талаптары 840 кәсіпкерлік субъектісіне түсіндірілді, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңы 21-бабының талаптарын сақтамауға қатысты 420 бұзушылық жойылды.

АРХИВ САЛАСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР АЗ ЕМЕС

Астана қаласының Мемлекеттік архиві елорданың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірінің маңызды аспектілерін сипаттайтын тарихи оқиғаларды, қоғам мен қаланың, халық шаруашылығының даму кезеңдерін, республикамыздың саяси және мемлекет қайраткерлерінің, ғылым, мәдениет, өнер өкілдерінің өмірі жайлы құжаттарын сақтайды.

Қазіргі уақытта Архивтің сақтауында 742 қор 404 458-ден астам архив бар, оның ішінде: тарихи қорлар (революцияға дейінгі), басқармалық, құжаттамасы, жеке құрам, жеке тектік құжаттары (жеке қорлар), фотоқұжаттар бар. Құжаттардың хронологиялық шегі – 1912-2018 жылдар аралығын қамтиды.

Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің «Архив 2025» кешендік жоспары және «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасы бойынша архивтік құжаттарды қамтамасыз ету мақсатында 2022-2025 жылдарға арналған «Цифрланған құжаттардың үлесі» көрсеткіші бойынша архив 2023 жылдың 9 айында 3 664 архив құжаты, 521 073 парақ (құжаттардың электрондық көшірмесі дайындалды) цифрлық форматқа өткізілді.

Биыл желтоқсан айында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті, Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы және Астана қаласының Мемлекеттік архиві бірлескен «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Астана қаласына 25 жыл толуына орай республикалық форум өткізу жоспарланып отыр.

Бетті дайындаған
Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Бірде Асқар Тоқмағанбетов: «Көпен, сен ара болып шағасың, оны өзің тіліңмен жалап қайта жазып аласың. Араның сілекейінде дәрумендік қасиеті, сенің сипай жазған мақалаларыңда да сондай қасиеттер бар. Сен сынай жаза да білесің, оны өзің қайта жаза сауықтыра білетінің сатираның сан-саласын игере білгеніңде. Оны сенің жазған шығармаларыңнан сеземін. Сен халықшылсың, жас болсаң да елге танымалсың. Көпен, сен – көптің адамысың. Осы қасиетті жолдан айныма деп» Көпенге батасын берген еді.

КӨПШІЛІКТІҢ КӨПЕНІ ЕДІ...

Шындығында фәниден бақиға аттанғанына жыл толып отырған Көпен көптің адамы еді. Сырттай шығармашылығы арқылы біршама білетінмін. Тағдырдың бұйыруымен 2013 жылы Астанаға қоныс аудардым. Той-томалақтарда бас қосып жүрген бес-алты азамат тобымызды көбейтіп, тұрақты бас қосып, әңгімелесіп, көңіл көтеріп тұрайық деп келістік.

Ойластыра келе жай ғана басқосу етпей елге, ортамызға, өскен ауылымызға пайдасы тиетін шараларды қолдан келгенше іске асыруды жөн санадық. Шамасы 2013 жылдың күз айындағы бір отырыста осы жұмыстарды атқаруға мүмкіндігі бар бір азаматты басшы етіп сайлауды ортаға салдық. Таңдау Көпен бауырымызға түсті.

Алғашқы басқосуымыздан бастап ел жақтан жұмыс істеуге келген жастарды толғандыратын жағдайларды ескердік. Біреулері дұрыс жұмыс тапса, енді біреулері жұмыста алданып, жалақысын ала алмай, не жұмыс таппай жүргендері жетерлік. Осындай жастарды таныс бизнесі бар жандарға тиянақты жұмысқа алуды ұйымдастырды. Елден келген жастарға бас-көз болып жүруді, өз араларынан жөн білетін азаматтарға тапсырылды. Басқосуда келелі мәселелер, салт-дәстүр, тәлім-тәрбиелік істермен қатар ұлттық ойындардың түрлері өткізілді. Кейде үлкен көкпар да ұйымдастырылды. Осындай үлкен іс-шараларға Түркістан, Шымкент, Алматы, Қызылорда сияқты жерлерден өкілдер де қатысты. Мұндай істердің нәтижесінде қалталы азаматтар тарапынан мұқтаж жандарға үй сыйлау, салып жатқан үйлеріне көмектесу, емделуге мұқтаж жандарға көмектер де көрсетілді.

Осындай игі істердің белортасында ұйытқы болып жүретін, мына шеті Атырау, Семей, Қостанай, Алматы, Шымкент тағы басқа жерлердегі жазушы ағаларының, дос-жарандарының мерейтойын, т.б. қызықтарына басшылық жасап, асабалығы бір төбе Көпекең Астанада ағайындар мен достарының той-томалағына бас-көз болып, өткізісіп беруге шаршамайтын. Қызметі ханға да, қараға да бірдей болатын.

Көпеннің 5 томдық кітабының тұсаукесері Астанадағы Ұлттық академиялық кітапхананың үлкен залында өтті. Мемлекет, қоғам қайраткерлері, жазушы, мәдениет, газет-журнал саласының адамдары, ағайын-туыс, оқырмандары, т.б. қатысты. Залда орын жетпей, адамдар тұрып тұрды. Көпеннің шығармашылық қырлары, атқарған қызметтері, адамгершілік, азаматтық қасиеттері туралы жақсы сөздер, ойлар айтылды.

Адам баласы өмірден өткен соң, артында іздеушісі болмаса басы алтын болса да жетімнің күнін кешеді. Көпенді халқы-елі еске алып тұрар, шын жоқтаушысы жары Әйгерімнің атқарып жатқан тірліктері көңілге сенім ұялатады. Қазақта атын айтса тегін (фамилия) сұрамай тани беретін ақын-жазушылар санаулы. Абай, Жамбыл, Оралхан, Мұқағалилар сияқты жалқы есімділер қатарына кірген жандардың бірі Көпен десек, артық емес. Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі халықтың көпшілігі Көпен десе, тегін айтпай-ақ таниды. Бұл – халықтың ықылас қалауы.

Қалаш (Қалила) БАСХОЖАҰЛЫ

САТИРА САРДАРЫ

...Көпен көкем қай кезде де шындықты шырқыратып айтып келді. Көпеннің тіліп түсетін алмас қылыштай өткір сатирасына күліп отырып, күрсініп те қалатынымыз сол, сынға құрылған сықақтың түбінде ащы запыран мен зары бар елдің шерлі мәселесі жатар еді. Мемлекеттік тілдің ауыр жағдайын «Жүз жылдық соғыс» атты мақаласында жүз жылдан бері мемлекеттік тілін төріне шығара алмай келе жатқан қазақ билігін ащы сарказммен, өткір тілмен түйреп еді.

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, руханиятқа қамқор, рухы биік іскер азамат Ислам Әбіш Су комитетінің төрағасы болып тұрғанда қазынаның триллионын қорғап қалғаны үшін жазықсыз жала жабылып, түрмеге түскенде, Көпен ағамыз сотына барып қатысып жүрді. Журналистерге сұхбат берді. Бұрын Исекеңе күніне кемінде үш мезгіл телефон соғып, саулығын сұрап тұратын кейбір «достары» қарасын көрсетпей кеткенде, Көпен ағамыздың сот отырыстарына қатысып, Ислам інісінің жағдайын сұрап, соттың әділ өтуін талап етуі үлкен азаматтық еді. Мұндай еркіндік танытқан ісі үшін «Нұр Отан» партиясының мүшесі, бір орысшалау партия шенеунігі наразылық танытып, ескерту жасапты. Сөйтсе, сөзден тосылып көрмеген Көпекең қынаптан қылыш суырғандай: «Мен Ислам інімнің сотына «Нұр-Отан» емес, «братан» боп барып жүрмін» деп, аузына құм құйып кетіпті...

Көпен көкеміз ана жылы Түркістан облысы Мақтарал ауданындағы Өзбекстанның Сардоба суқоймасы жарылуынан суға кеткен үйлерді барып аралады. Осы өңірден шыққан астаналық зейнеткерлердің атынан «Үйлеріңіз жарық болсын!» деп жаңадан салынған он үйге «Жақсы ырым ғой» деп он люстра іліп кетті. Жүрген жерін әзілге қарық қылып, күлкісімен жарық қылып жүретін көкеміз солай ісімен де жарық шашып кеткен еді мақтаралдықтарға.

Көпен Әмірбек көкеміз 70 жасын тойлайтын кезде 2020 жылы пандемия дейтін пәлекет басталып кетті. Қасқа мен жайсаңды қынадай қырған ол қырғыннан аман өткен еді... Шымкент арнайы шақырғанда осы жаман кеселдің кесірінен бара алмай қалды. Тек Ақтөбе облысының шақыруымен бір топ қаламгермен бірге елмен жүздесіп келді. Содан соң Сейіт Кенжеахметовты еске алу шарасына Торғайға барып қайтыпты.

Соңғы демін жинап елмен кездесуі екен ғой бұл. Бой жазғаны болар...

Ауруханада жатсам да, естіп жатып, қалай шыдайсың, екі күннен кейін өзіме жүрегіме күрделі ота жасайтынына қарамай, бас дәрігерден сұранып, Алтынбай бауырымды шақырып, Көпен көкеміздің шаңырағына кіріп шықтық. Інілері Базарбек, Шүкір Шахай, Кенже Жұмағұловтар бар екен. Есін біліп, сөйлеп жатыпты. «Ара» журналын шығару керек, қағазға шығарып қойғын, оқуым керек» депті жеңгейге. Қайран, біздің көкелер, соңғы демі қалғанша міндетіне адал болған...

Көпен Ел ағасы еді! Сатираның сардары, көрнекті Көпенін ел ешқашан ұмытпайды.

Қазыбек ИСА,
ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты

АЛҒАНЫНА ЕМЕС, БЕРГЕНІНЕ ҚУАНАТЫН

...Көпекеңнің өмір жолын саралай келіп, ол бар өмірін өзі үшін емес, халық үшін сүріп, адамға жақсылық жасау мен қиналғанға қол ұшын беруге арнағанына көзім жетті. Көпекеңің кәсібі журналист, сатирик қана емес, оның негізгі «кәсібі» – адамға жақсылық жасау, қиналғанға қол ұшын беретін жедел жәрдем сияқты еді.

Ұялы телефоны таң атқаннан күн батқанға дейін бір тынбайды. Үнемі қоңырау шалатындар: «Көпен аға, мен пәленшемін ғой, мені жұмыстан қысқартып жатыр, жәрдем беріңізші» немесе «Көпеке, пәленшенің орны босап еді, әкімге айтып, сол орынға мені ұсыныңызшы, ұлым үйленеді, қызымды тұрмысқа беріп жатыр едім, балам оқуға түсетін еді немесе оқудан шығып қалып еді»... деген бас-аяғы жоқ өтініштер мен тапсырмалар бірінен кейін бірі толассыз түсіп жататын. Көпекең үшін тапсырма берушілердің таныс, туыс немесе жолдас не курстас болуы маңызды емес, оған кез келген аралас-құраласы жоқ көзтаныс адамдар да «бір тойда танысып едік» деп қоңырау соғып, өз проблемаларын айтып жатады.

Көпекеңде қарсылық жоқ. Бар ынта-ықыласымен кірісе кетеді. Оның да ұраны «Әр қазақ – менің жалғызым» еді. Ол кіріскен мәселе оң шешімін тауып, көпшіліктің алғысына ие болып жататын еді, марқұм!

Көпекеңнің тағы бір игілікті ісі – Құрбан ата мен Өзбекәлі Жәнібеков кесенелерінің Республикалық дәрежедегі құндылықтар ретінде мемлекеттің қарауына алынуы. Бұл да – Көпекеңнің қажырлы еңбегінің нәтижесі.

Қазір Арыстан бапқа барған әрбір жан Құрбан ата мен Өзбекәлі ағамыздың басына зиярат етпей кетпейді.

Көпекең алғанына емес, бергеніне қуанатын, өзінің емес, басқалардың қамын жеп, елінің елеулісі, халқының сүйіктісі бола білді және сол бейнесі ел есінде мәңгі қалатыны анық.

Керімқұл ПІРІМҚҰЛОВ

ЖУРНАЛИСТ БОЛАМЫН

Сәні мен салтанаты келіскен елорда бүгінде еліміздің әр түкпірінен арман қуып келген адамдардың арманы орындалуына шексіз мүмкіндік беретін – жерұйық.

2015 жылы алғаш Астанаға қыдырып келген кезде «Бәйтерек», «Хан Шатыр», «Ұлттық мұражай» сияқты заманауи соңғы үлгіде салынған әсем ғимараттарды көріп тамсанған едім. Астанаға бірден ғашық болдым!

Ол кезде ауылда апам мен атамның қолында тұрушы едім. «Балапан» арнасы – менің ең сүйікті арнам. Таңертең балалар бағдарламасымен оянып, кешке сол арнамен аяқтап, ұйықтаушы едім. Балапанның жүргізушілері сынды мен де арнада жұмыс істесем деп армандаушы едім.

Астанаға бір қыдырып келгенімде «Балапан» арнасының «Баламен бетпе-бет» бағдарламасына кастинг жарияланғанын біліп, әпкелерім соған апарды. Сөйтіп, «Балапан» арнасының жүргізушісі болсам деген арманыма бір табан жақындап, «Баламен бетпе-бет» бағдарламасына түстім. Қазмедиа орталығында теледидардан көретін жүргізушілерді көріп, ерекше әсер алдым.

Сол кезде Астана – нағыз армандар орындалатын қала екен деген ой келді. Түсірілім аяқталғаннан кейін, ауылға қайтатын уақыт таяп, үлкен қаламен қимай-қимай қоштасдым.

Астананың тұрғыны болу бар арманыма айналды. Бірақ менің ата-анам Астанаға емес, Алматыға көшіп, солармен бірге ердім.

Астанаға деген махаббатым күннен күнге үдей түспесе, бір кемімеді. Күнде ата-анама: «Астанаға көшейікші, «Балапан» арнасының жүргізушісі болғым келеді, өскенде журналист боламын!» деп

айта беретінмін. Арада төрт жыл уақыт өтті. Осы аралықта нағашы әпкелерім Астанаға көшіп келді, сөйтіп, менің бала арманымның орындалуына сол кісілер себеп болды. 4-сыныпты бітіргеннен кейін 5-сыныпта арман жетегімен «әпкемнің қолында тұрамын» деп Астанаға көшіп келдім.

Сөйтіп, арманым ақиқатқа айналды. Арманымның орындалуына себеп болған әпкелеріме қарыздармын деп есептеймін. Қазір 9-сыныпта оқимын. Балапан арнасының жүргізушісі болсам деген арманым орындалмаса да, Астана көптеген мүмкіндіктер сыйлады. Қазақстандық білім беру үрдісінде жаңа заман талабына сай салынған Binom мектеп-гимназиясында білім алудамын. Майра Ілиясованың өнер мектебінде білім алдым.

Қаншама республикалық конкурсқа қатыстым. Осында жақсы ортаға, жақсы ұстаздарға жолықтым. Болашақта Қымбат Досжан, Гүлназ Әлімгерей, Дана Нұржігіт сияқты журналист, хабар жүргізушісі боламын.

Айкерім ЕРЛАН,
Ә.Бөкейханов атындағы Binom мектеп-гимназиясының оқушысы

№129 (4562) 31/10/2023 Сейсенбі

ИНКЛЮЗИВТІ АУЛА КЛУБЫ АШЫЛДЫ

Астанадағы Есіл ауданының аумағында ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған «Түрлі – тең» атты инклюзивті аула клубы есігін айқара ашты. Оған ай сайын 300-ден астам бала қатыса алады.

Гүлбаршын ӘКЕШҚЫЗЫ

Аула клубының ашылу салтанатына Есіл ауданының әкімі Асылбек Есенбаев, Respublica партиясының орталық аппараты басшысының орынбасары Игорь Копайлов, осы маңда тұратын балалар мен олардың ата-анасы қатысты.

Салтанатты іс-шара барысында алдымен сөз алған аудан әкімі күллі астаналықтарды Республика күні мерекесімен құттықтап, жиналғандарға амандық, елімізге тыныштық тіледі.

– Балалар – әрбір мемлекеттің болашағы. Біз бүгін Республика күні қарсаңында Есіл ауданында төртінші аула клубын ашып отырмыз. Аула клубтары – балаларды жақсы істерге бейімдеудің бірден-бір жолы, олармен тығыз қарым-қатынас орнату және дамыту үшін осындай орталықтардың маңызы зор. Біз ерекше білім беруді қажет ететін балаларға үлкен көңіл бөлеміз және мұндай бастамаларды әрдайым қолдаймыз, – деді Асылбек Есенбаев.

Балалар үшін клубта дойбы және шахмат үйірмелері жұмыс істейді. Алдағы уақытта ерекше қажеттіліктері бар балаларға физиотерапия кабинетін, бейнелеу өнері, домбыра тарту және робототехника үйірмелерін ашу, йога және дартс сабағын өткізу жоспарланып отыр.

– Respublica партиясы жұмысының негізгі бағытының бірі – білім беру және денсаулық сақтау саласындағы сапалы реформаларды жүзеге асырумен бірге, инклюзивті қоғамда балалардың қауіпсіздігі және олардың дамуы үшін тең мүмкіндіктер туғызуға атсалысу. Бүгінде Парламент Мәжілісіндегі партиялық фракция ерекше қажеттіліктері бар балаларға қатысты мәселелерді көтеріп, балалар мен жасөспірімдер арасында нашақорлық пен вейпингтің таралуына жол бермеу үшін күресуде. Мұндай үйірмелер балаларымыздың балалық шағын бақытты етуге көмектеседі, – деді Игорь Копайлов.

Жобаның идеялық дем берушісі, бастамашысы және ұйымдастырушысы – Мұхтар Баймағұлов. Есіл ауданының аумағында тұратын еңбек ардагері, инженер-құрылысшы, «Таң» татар-башқұрт мәдени орталығының вице-президенті болған Рафаил Аблаков клуб ұйымдастырушысына Абайдың қара сөздері жинағын сыйға тартты. Өскелең ұрпақ келешектің иесі екенін ескере келе, ол жалпыадамзаттық құндылықтарды бекітіп, дәріптеп, Қазақстанның гүлденуіне жастардың өз үлесін қосатынына сенім білдірді.

Жалпы Есіл ауданында барлығы 2 аула клубы жұмыс істейді, сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған 4 орталық бар. Олар жастар мен жасөспірімдер арасындағы қылмысты азайтуға, балалардың денсаулығын жақсартуға және олардың уақытын пайдалы өткізуге тікелей әсер етеді, сондай-ақ патриотизмнің дамуына ықпал етеді. Жыл сайын аула клубтарында халықтың әлеуметтік осал топтарынан, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан жүздеген бала тәрбиеленеді.

ВОЛОНТЕРЛЕР: ЫҚЫЛАС ПЕН НИЕТ ТҮЗУ БОЛСА

Менің атым – Елнұр, тегім – Кәкен, жасым 17-де, Қадыр Мырза Әлі атындағы Binom school мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысымын. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтері болғаныма бір жыл болды.

Айгүл УАЙС

Мені қоршаған орта мен экологияға қатысты мәселелер және жалпы қоғамға қалай пайдамды тигізсем деген ой үнемі толғандыратын. Өткен жылдың қыркүйек айында мен волонтерлердің ағаш отырғызып, сол арқылы қаланы көгалдандыруға және қоршаған ортаны жақсартуға үлес қосқан экожобасына куә болдым, бұл жоба мені волонтерлер қатарына қосылуға шабыттандырды.

Қазіргі уақытта мен тхэквондо, парахоккей, күрес бойынша әлем чемпионаттарына, Comic-con шығармашылық көрмесінің ұйымдастыру шараларына қатыстым, сонымен қатар 2000-дай азық-түлік себетін қаптауға, экологиялық тазалық күндеріне, Zaman Fest және басқа да көптеген ірі шараларға, қаладағы мерекелік оқиғалардың сәтті өтуіне атсалыстым.

Менің алғашқы волонтер ретінде араласқан іс-шарам жақсы есімде. Бұл XIII Қысқы қайырымдылық балы болатын. Бал ерекше қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру және дарынды жастарды қолдау мәселелеріне қоғамның назарын аудару мақсатында өткізілді. Бұл ұмытылмас және қызықты тәжірибе болды. Біз тікелей дайындық жұмыстарына жауапты болдық, сонымен қатар біздің жұмысымыз навигацияда, келушілерді тіркеуде және аукционды ұйымдастыруда болды, белсенді түрде жұмыс жасадық.

Осы волонтерлер қатарында біздің жеке тұлға ретінде қалыптасуымызда көшбасшымыз Эльвира Қарабекқызы Есмұханованың еңбегі ерекше. Ол бізді волонтерлер қызметінде ғана дамытпайды, сонымен қатар бойымызға адами құндылықтарды сіңіре отырып, өмірлік маңызы бар дүниелерге үйретеді. Қазіргі уақытта «Астана жастарында» 5000-нан астам ерікті бар, солардың кез келгенінен оның «екінші анасы» кім деп сұрасаңыз, ол бірден Эльвира деп жауап береді, өйткені ол әрқашан бізді қолдайды, әрі рухани қамқоршымыз болып табылады. Өйткені жасөспірімдермен жұмыс істеу оңай емес және сан жағынан да біздер өте көппіз. Оның қажырлы еңбегінің арқасында барлық волонтерлер бұл жұмыстың маңыздылығын түсінеді. Біз үшін волонтерлік күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналды, ол – қоғамның дамуына, әлемді жақсартуға және айналамыздағы адамдарды мейірімді және бақыттырақ етуге үлес қосу мүмкіндігі.

«Астана жастары» – әркімге өз орнын табуға мүмкіндік беретін өте үлкен отбасы. Менің өмірімде волонтерлік қызметтің алатын орны ерекше, ол менің өмірімді қызықты, әрі мәнді етті. Волонтерлік қызметтегі ең қиыны – өз мойныңа алған жауапкершілікті соңына дейін жеткізу. Кез келген ересек адамның қолынан келе бермейтін жұмыстар болады, бірақ біз волонтерлер алдымызға қойған міндеттерді орындап, іс-шараның барлық жоспарын толықтай атқаруымыз керек. Әртүрлі жағдайлар мен жағымсыз оқиғалар болады, бірақ волонтер оның бәріне төзе білуі керек.

Менің бір байқағаным, волонтерлер үшін ең өзекті мәселе – ол біздің еңбегіміздің қоғамда кей жағдайларда еленбеуі. Кейде ересектер өзінен кішілерге, тәжірибесі аздарға немқұрайлы, сенімсіздікпен қарайды, өйткені волонтерлердің көпшілігі – мектеп оқушылары. Еріктілер жұмысты тегін, ақысыз және адал ниетпен орындайды. Біз өз тәжірибемізде 15 жастағы балалардың өздеріне жүктелген жұмысты шынайы беріле, үлкен жауапкершілікпен орындайтынын сеніммен айта аламыз. Меніңше, ең бастысы, ықылас пен ниетте жатыр.

Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту – биліктің бірінші кезектегі міндеті. Осы орайда тұрғындардың өтінішін жанашырлықпен орындаған азаматтарға алғыс айтуды жөн көрдім.

ТҰРҒЫНДАР ӨТІНІШІ ОРЫНДАЛДЫ

Елорданың тұрғыны, Алматы аудандық Ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі ретінде биылғы жазда қала іргесіндегі 41-разъезге жүретін № 304, 322 және 316 қоғамдық автобустары соңғы жылдары тұрғындары күрт өсіп, сәйкесінше тұрғын үйлері көбейіп бара жатқан «Нұрлы» елді мекенінде аялдама ашуды сұрап Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына, Алматы ауданының әкімдігіне, сондай-ақ бұрынғы индустрия министрлігіне хат жолдап, көмек сұраған едім.

Бұрын Астанадан жүретін автобустар «Нұрлы»-ға тоқтамай өте шығатын, ал үлкен жолдың бойынан түсіп қалған адамдарға 3-4 шақырым жүруге тура келетін. Бұл жағдай көктем, күз және қыс мезгілінде өте қиын болатын еді. Әсіресе, балалар үшін қауіпті де болатын.

Енді, міне, елді мекеннің бұл жағдайы шешімін тапты, өтінішіміз орындалды. Автобустар тоқтайтын болды, аялдама жасалды.

Осы мәселені шешуге министрліктің жол басқармасы бөлімінің маманы Ержігіт Сейітжаппар, Алматы ауданы әкімдігінің аға инспекторы Мадияр Тоқпақов, «Қазавтожол» компаниясының директоры Нұржан Өмірзақов, жетекші қызметкерлері Жанмұрат Бектұрғанов, Абылай Қамзин, STS компаниясынан Нағашыбай Шалманов, Астана қаласы әкімдігінің Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасынан Байыржан Тайбергенов тұрғындар атынан берілген өтінішімізді дұрыс түсініп, оқ шешімін қабылдауға көмектесті. Осы азаматтардың бәріне үлкен ризашылығымды білдіремін. Денсаулықтарының мықты, еңбектерінің жемісті болуына тілектеспін.

Халықтың мүддесін түсінетін осындай басшылар мен мамандарымыз көп болса екен деймін.

Зейнегүл БЛИКОВА,
Астана қаласы
Алматы аудандық
Ардагерлер ұйымының
мүшесі

МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

2022 жылдан бері «Астана жастары» жастар ресурстық орталығында волонтерлік қызметпен айналысып келемін. Бұл мен үшін өте маңызды, себебі жастарға қоғамды жақсартуға, мұқтаж жандарға көмектесуге, сонымен қатар өзін-өзі дамытуға көптеген мүмкіндіктер береді.

Менің бірінші волонтерлік тәжірибем эко-сенбілік болды. Бұл салыстырмалы түрде ең ауқымды шара емес, дегенмен одан кейінгі әсер керемет, кейін көшедегі жатқан қоқыстар үшін жауапкершілік сезімі пайда болады.

Ең сүйікті іс-шарам – жануарлар баспанасына бару (приют для животных). Сол жердегі иесіз қалған барлық жануарларға мейірім көрсеткім келеді.

Жақында біз қарттар күніне орай 1000 азық-түлік себеттерін дайындадық және тараттық. Екі күн бойы таңертеңнен кешке дейін себеттерді жинадық, сол арқылы адамдарды қалай қуантатынымыз маған күш берді.

Қыста көп қар жауғанда біз жалғызбасты қарттарға қар күреп, ауласын тазалауға көмектесеміз.

Сонымен қатар біз түрлі бизнес-форумдар, спорттық іс-шараларда көмектесеміз, жақында «Иннопром», «Kazenegy», «XI Азаматтық форум», Парахоккей, «Comic con», Бокстан Азия чемпионатында және тағы басқа көптеген шараларға қатыстық.

Волонтерлік қызмет мені жауапкершілікке, әртүрлі қарым-қатынастарды орнатуға, жанашарлыққа, толеранттылыққа, альтруизмге, эмпатияға үйретеді. Мен шын жүректен волонтер болғаныма қуаныштымын!

Аружан АЛТАЕВА

Астанадағы Дәуешевтер әулеті – елге сыйлы, шаңырағынан құт үзілмеген отбасылардың бірі. Осындай әулеттің берік қазығы, балаларының тірегі адами қасиеттері биік, ақылы дария, пайым-парасаттары жоғары Еркін аға мен Хамила жеңгей.

ШАТТЫҒЫ ТАСЫҒАН ШАҢЫРАҚ

Бүгінгі кейіпкерлерім Еркін аға мен Хамила жеңгей соғыстан кейінгі жылдары өздерінің тұстастары секілді талай қиындықты көре жүріп, орта мектепті бітіріп шығады. Екеуі де оқуды бітірісімен Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі. Институтты бітірісімен екеуі де ауылға келіп мұғалім болады.

1963 жылдың 7 қарашасында олар отбасын құрады. Еркін аға Кеңес орта мектебінде директордың оқу-өндірістік жөніндегі орынбасары болса, Хамила Құлбекқызы математика пәнінің мұғалімдігіне қабылданады. Еркін Дәуешев мектепте қызмет істеп жүргенде партия қатарына өтсе, Хамила Құлбекқызы Алексеевка (қазіргі Ақкөл ауданы) аудандық партия комитетінің екі мәрте мүшесі болып сайланады. Осы Кеңес ауылында олардың тұңғыш балалары Гүлнар дүние есігін ашады.

1966 жылы Еркін Дәуешұлын қазіргі Азат орта мектебіне директордың оқу-тәрбие жөніндегі орынбасарлығына ауыстырады. Абыроймен төрт оқу жылын осында өткізеді. Осы елде Гүлшат пен Динара атты қыздары өмірге келеді. Ал 1970 жылы Еркін ағаны Қарабұлақ орта мектебінің директорлығына тағайындайды. Осында жаңа мектептің іргесін қалайды. Оқу-тәрбие жұмысы жағынан Сілеті ауданындағы алдыңғы қатарлы мектептердің бірі болады. Осы жерде Еркін Дәуешұлы Қазақстан Республикасының білім саласының үздік қызметкері төсбелгісімен марапатталады. Тіпті кезектен тыс жеңіл көлік алуға болатын аудандық атқару комитетінің шешімі шығып, автокөліктің кілтін оған тамыз конференциясында табыс етеді. Содан Қарабұлақта Марат пен Әлия деген балалары дүниеге келеді.

Еркін аға кезінде қызметінен басқа қоғамдық жұмыстарға да белсене араласқан екен. Осыны байқаған Сілеті аудандық партия комитеті оған идеология бөлімін басқаруды тапсырады. 1978 жылдан 1987 жылға дейін осы қызметті мінсіз атқарады. Кейіннен Бейбітшілікті қорғау қоғамының аудандық бөлімінің төрағасы, аудандық мәдениет саласы қызметкерлері кәсіподағының төрағасы қызметіне сайланады.

Отбасының жағдайына байланысты 1987 жылы Ақкөл қаласына көшеді, ауданының білім беру бөлімін басқарады. Ал Хамила жеңгей № 3 орта мектепке математика пәнінің мұғалімдігіне қызметке қабылданады.

Осы уақыт ішінде ұлтжанды Еркін Дәуешұлы қазақ тілінің мәртебесін көтерумен, қазақ мектептерін ашуға көңіл бөледі. Осы қызметке келгенде ауданда бір ғана қазақ мектебі болатын. Ол құрметті демалысқа шыққанша 7 таза қазақ мектебіне қоса 14 аралас мектеп ашып және Ақкөл қаласындағы таза қазақ мектебінің іргесін қалауға атсалысады. Бір айтарлығы, Кеңес Үкіметі құлағаннан кейін мектептер мен балабақшалар жабылып жатқанда Еркін Дәуешұлының қолдауымен бұл ауданда бірде-бір мектеп жабылмаған. Оның іскерлігінің арқасында бар қиыншылықтарға төтеп бере отырып, керісінше бірнеше мектептің жанынан кішігірім балабақшалар ашады. Оған қоса аудандық білім басқармасының жанынан білім саласының қызметін көрсететін мұражайдың ашылуына мұрындық болады.

Иә, өнегелі отбасы – елдіктің тұтқасы дейді ғой. Бүгінгі біздің кейіпкерлеріміздің екеуі де – ұлағатты ұстаздар.

> Еркін аға мен Хамила жеңгей ұрпаққа берген тәлім-тәрбиесімен, туған-туыс, көрші-қолаң арасындағы сыйластығымен, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімімен көпке үлгі болған, шаттығы тасыған шаңырақтардың бірі деп айта аламыз. Дәуешевтердің отбасынан шыққан яғни ата мен әженің «мектебінен» өткен олардың балалары мен немерелері рухани жағынан да мықты. Олар – үлгілі отбасының ұрпағы.

«Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, Еркін ағамыз бен Хамила жеңгеміздің алдынан мыңдаған шәкірт білім алып тәрбие көрген. Олар өсіріп, тәрбиелеген өз балалары да – бүгінде еліміздің мақтанышына айналған мамандар.

Еркін аға мен Хамила жеңгей – алты бала тәрбиелеп өсірген бақытты отбасы. Балаларының барлығы да жоғары білім алған. Біреуі – ғылым кандидаты, екіншісі – ғылым докторы. Бесеуі республикалық дәрежедегі қызметтер атқарады. Жан жұбайы Хамила Құлбекқызы – күміс алқа иегері, 52 жыл қызмет атқарып зейнетке шыққан ұлағатты ұстаз, аяулы ана. Қазақстан Республикасы білім саласының үздігі төсбелгісімен марапатталған. Ал Еркін ағаның еңбек өтілі – 57 жыл. «Құрмет» орденінің иегері, оған қоса бірнеше мемлекеттік медальдар мен Құрмет грамоталарымен де марапатталған. Ақкөл ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Зейнетке шыққаннан кейін Еркін Дәуешұлы мен Хамила Құлбекқызы Астана қаласына көшіп келеді. Екеуі де осы қалада қарап отырмай қызметтерін одан әрі жалғастырады. Еркін аға қаладағы қарттар үйіне, қазіргі «Шарапат» мекемесіне педагог-психолог болып орналасып, ол осында тура 14 жыл қызмет атқарады. Қазақстанның әлеуметтік саласындағы тұңғыш психологы атағын алып шығады. Ал Хамила Құлбекқызы Астана қаласындағы № 3 орта мектебіне математика пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. Мектеп ұжымының ол кісіні сыйлайтындығы сонша, мектептен кеткеніне әжептәуір уақыт өтсе де, әлі хабарласып, мейрамдармен құттықтап, өздеріне шақырып тұрады екен. Қызметтен біржола босағаннан кейін де Еркін аға бос қарап отыра алмайды. Ардагерлер кеңесінің қоғамдық жұмыстарымен айналысады. Ардагерлер кеңесінің және журналистерден құралған медиатоптың белді мүшесі. Яғни «Астана ақшамы» газетінің штаттан тыс тілшісі.

Еркін Дәуешұлы бірнеше кітап та жазды. «Ауылымды сағындым», «Бір ғасыр», «Жаны жайсаң Жайық аға», «Азаматтарымен ажарлы Ақкөлім», «Қаламмен өрілген жылдар» естелік кітаптарының авторы. «Арқа ажары», «Астана ақшамы», «Ақкөл өмірі» газеттеріне тұрақты түрде мақала жазып тұрады. Онымен қоса Еркін ағамыз – еліне қалтқысыз қызмет етіп, бірақ дер кезінде олардың еңбегі еленбей, халық жауы деп сотталып кеткендердің өмірін зерттеумен де айналысқан адам. Соғыс кезінде ұжымшарды жақсы басқарып тұрған Бауке Құлмағамбетов деген кісіні көреалмайтындар халық жауы деп 58-баппен он жылға соттап жібереді. Осы кісінің өмірбаянын зерттеп, адал екенін дәлелдеп, Бас прокуратураға дейін барып, мақалалар жазып Бауке Құлмағамбетовты ақтап шығады.

Одан кейін жазушы-шежіреші Жайық Бектұровтың ісін зерттейді. Ақкөл ауданының тумасы Жайық Бектұров Алаш қайраткерлері туралы алғашқы шындықты халыққа жеткізген, өзі де бірнеше жыл түрмеде отырып келген ұлт қайраткері еді. Дәлелді айғақтарды 17 жыл жинастырып, газеттерге ол жайлы мақалалар жазып, оның ақ екенін дәлелдейді. Қазір Ақкөл қаласында қазақ орта мектебіне, бір көшеге оның есімі берілген.

Ал қазіргі уақытта Еркін аға бас болып «Ердің атына елі сай болсын» деген қағидамен Сағадат Нұрмағамбетовтың 100 жылдығы қарсаңында батыр туған Еңбек ауылын көркейтіп, жөндеу жұмыстарын жүргізуге атсалысып жүр. Бұдан 3-4 жыл бұрын бағдарлама жасап, оны аудан әкімі қолдап, іске кіріскенбіз дейді Еркін аға. Қазіргі уақытта еліндегі мектеп, мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіпті. Тас жолға билбордтар қойылып, музей үйі де ашылған көрінеді. Ал ескерткіш орнату жөнінде Еркін аға Қорғаныс министрінің қабылдауында болыпты. Министр келісімін берген көрінеді. Жалпы Еркін ағамыз – үйде тыныш отырмайтын, осындай елдің адамы. Халықтың қамымен жүрген қамқор азамат.

Кезінде осы «Астана ақшамы» газетіне де Жұмабек Тәшенов туралы бірнеше мақала жазған. Ол кісіге Халық қаһарманы атағын және туған ауданына есімін беру туралы мәселелер көтеріп жүрген көрінеді. «Аршалы ауданы қолдайды, ал облыс үндемейді» дейді Еркін аға.

Еркін аға мен Хамила жеңгей ұрпаққа берген тәлім-тәрбиесімен, туған-туыс, көрші-қолаң арасындағы сыйластығымен, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімімен көпке үлгі болған, шаттығы тасыған шаңырақтардың бірі деп айта аламыз. Дәуешевтердің отбасынан шыққан яғни ата мен әженің «мектебінен» өткен олардың балалары мен немерелері рухани жағынан да мықты. Олар – үлгілі отбасының ұрпағы. Сөзіміздің дәлелі – олардың жанұясы 2019 жылы Астана қалалық «Мерейлі отбасы» байқауында екінші орын иеленді. Бұл оңай жеңіс емес. Жүздеген отбасы қатысқан жарыста алға шығу – үлкен еңбек пен тәрбиенің негізі арқылы жеткені сөзсіз.

Шаңырақ шаттығын ойлаған жан отбасындағы жарын, балаларын да жанындай сүйетін болады. Осындай үлкен шаңырақтың уығын ұстап тұрған Еркін аға мен Хамила жеңгеміз – мерейлі отбасының бірі. Жақында олардың шаңырақ құрғанына 60 жыл толады. Олай болса, мерейтойларыңыз құтты болсын демекпіз!

Ғалия БАЛТАБАЙ,
Астана қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобы жетекшісінің орынбасары

«ДӘУЛЕТ» – СПОРТШЫЛАР КЕШЕНІ

Елордадағы «Дәулет» спорт кешенінде 2000-ға жуық бала тенниспен айналысады.

Астана қаласының коммуникациялар қызметінде «Дәулет» спорт кешенінің қызметі туралы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Еркеғали Корбозов пен «Дәулет» МКҚК басшысы Дина Темірғалиева брифинг өткізді, деп хабарлады Elorda.info.

«Дәулет» спорт кешенінің ұйымдастыруымен «Қолжетімді спорт» бағдарламасын жүзеге асыру аясында бұқаралық спортты және дене шынықтыруды дамыту, теннисті танымал ету мақсатында жаз айларында Астана қаласының саябақтары мен мектептерінің 13 ашық теннис кортында балаларға арналған тегін теннис сабақтары өткізілді.

Елордалық Альбина Кәкенова беделді Australian Open 2023 Asia-Pacific Elite 14 & Under Trophy турнирінің финалисі атанды. Тәжікстан астанасы Душанбе қаласында теннистен өткен «Президент кубогы» халықаралық турнирінде Аделина Маманфина жекелей сында бірінші орын иегері атанып, жеңіске жетті. Айша Сайран жекелей сында жүлделі үшінші орынға ие болды. Ал жұптық сайыста басқа елдің спортшысымен өнер көрсеткен елордалық Даниал Шалхимбаев үздіктер қатарынан көрінді.

Сондай-ақ Астанада ADD TABLE Tennis Center ASTANA заманауи үстел теннисі орталығының ашылуы өтті. Кешен барлық үздік әлемдік стандарттарға толық жауап береді. Нысанның жалпы ауданы 3 700 шаршы метрден асады. Жарыс кезеңінде орталықтың негізгі залы (2 300 ш.м.) 16 үстелге есептелген.

Биыл жыл басында «Дәулет» теннис орталығында арбадағы теннистен ел біріншілігі өтті.

Қазақстандағы үлкен теннис Елена Рыбакина, Александр Бублик, Михаил Кукушкин және т.б. халықаралық турнирлердегі жеңістерінің арқасында танымал болды. Жас спортшылардың арасында жеңістер саны артып келеді, Альбина Кәкенова 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында Азияның алғашқы ракеткасы атанып, спорт шебері атағын алды. Қазіргі уақытта Қазақстанда 2000-ға жуық бала тенниспен айналысады.

2023-2024 оқу жылына спорттық-сауықтыру топтарында 550 бала бар.

«Спортшылардың жетістіктері туралы айта кететін болсақ, 2022 жылы біздің тәрбиеленушілеріміз республикалық және халықаралық деңгейдегі 40-тан астам жарысқа қатысып, 64 медаль жеңіп алды. Биылғы алғашқы үш тоқсанда олар әртүрлі деңгейдегі 37 спорттық іс-шараға қатысып, 50 медаль жеңіп алды» деді «Дәулет» МКҚК басшысы Дина Темірғалиева.

Биыл «Дәулет» спорт кешенінің тәрбиленушілері теннистен ел чемпионатын жеңіп алды. А.Кәкенова пен В.Куфельд спорт шебері атағын алды. 2023 жылы «Дәулет» МКҚК-ның 11 спортшысы спорт нәтижелері бойынша Астана қаласы құрамасының құрамына кірді.

Сонымен қатар, кешенде халықаралық және республикалық ауқымдағы 30-дан астам турнир өткізілді.

МЕКТЕП КӨШБАСШЫЛАРЫ АНТ БЕРДІ

Елорданың Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында Астана қаласындағы білім беру ұйымдарының мектепішілік және студенттік парламент президенттерін ұлықтау рәсімі өтті, деп хабарлады қала әкімдігінің ресми сайты.

Әнұранды орындаумен басталған ұлықтау рәсімінде 76 мектеп пен 16 колледж көшбасшылары мектепішілік және студенттік парламенттің белсендісі әрі жанашыры болуға, Отанды сүюге, қала мен қоғамның өркендеуіне үлес қосуға, Президент лауазымына кірісе отырып, өз білім ордасының мүддесін қолдауға және лайықты көшбасшы болуға салтанатты түрде ант берді.

Іс-шараға Астана қаласы Білім басқармасы, Республикалық оқу әдістемелік қосымша білім беру орталығының өкілдері, құрметті қонақтар, педагогикалық еңбек ардагерлері қатысты.

Іс-шара балаларды жаңа белестерге жетелейтін «Біз біргеміз! Бұл – біздің күшіміз!» флэшмобымен аяқталды.

№129 (4562) 31/10/2023 Сейсенбі

ОРЫС ТЕАТРЫ «ӘЛИЯМЕН» ОРАЛДЫ

М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының жаңа 123-маусымы Қанат Жүнісов пен Игорь Сединнің «Әлия» драмасының премьерасымен ашылды. Спектакль Республика күніне арналып, бас кейіпкері, қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың дәл туған күні күрделі жөндеуден өткен, жаңарған, заманауи техникамен жабдықталған ғимаратта көрермендерге жол тартты.

Бұл театр 6 жылдан кейін өз сахнасына оралды. Ғимаратты күрделі жөндеу осынша уақытқа созылды. Спектакльдің алдын ала көрсетіліміне Мәдениет және спорт министрі Аида Балаева, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов қатысты.

Қойылым, негізінен, Әлия Молдағұлованың соғысқа алынып, мергендерді даярлау мектебіндегі кезеңінен сыр шертеді. Онда халықтар достығы, түрлі ұлт қыздарының бауырмалдығы, Әлияның сабақты бірден қағып алатын зеректігі, қажыр-қайраты жақсы көрсетілген. Әлия бейнесін жас актриса Айжұлдыз Халикова сәтті алып шықты.

Спектакльге «Бір бала», «Әдемі қыз» секілді халық әндері, Әлия билейтін «Қамажай» сынды ұлттық биіміз әдемі кіріктірілген. Аяғына композитор Сейдолла Бәйтерековтің, ақын Бәкір Тәжібаевтың өлеңіне жазылған «Әлия» әнін де қосуға болар еді деп есептейміз.

Жалпы М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының жаңарған ғимаратта жаңа тынысы ашылғандай. Өткен аптада аталмыш өнер ошағында премьералар апталығы өтті. Көрермендерге классика – Антон Чеховтің «Шие бағы» комедиясы (қоюшы режиссері – Рача Махатаев), Т.Летстің «Тамыз: Осейдж графтігі» шығармасы желісімен қойылған «Жаз соңы» трагикомедиясы (режиссері – А.Троянова), Э.Ростанның «Сирано де Бержерак» романтикалық драмасы (режиссері – С.Федотов) ұсынылды.

Бұл спектакльдер аталмыш өнер ошағы Астана қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен ұйымдастырған «Жаңа театр» халықаралық театр форумының бағдарламасына кірді. Театралдар жиыны аясында сахналық сөйлеуден (педагог Дмитрий Кошмин, Санкт-Петербург қаласы, Ресей), семсерлесуден (Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сергей Матвеев, Астана қаласы), режиссура және актерлік шеберліктен (Рача Махатаев, Астана қаласы) шеберлік сабағы ұйымдастырылды.

Форумға театр сыншылары, өнертану кандидаты Сәния Қабдиева (Алматы қаласы) және Антон Алексеев (Санкт-Петербург қаласы, Ресей) қатысты. Олар «Қазақстан театрларындағы заманауи үрдістер» тақырыбында дәріс оқып, М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрының премьералық спектакльдерін талқылады.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ЖЕТІГЕН ЖЕТКІЗГЕН ҮН

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония қос концерт ұсынды. «Сарыарқа» халық музыка ансамблінің XXVI концерттік маусымы музыкант әрі композитор Қарагөз Гасимованың «Жетіген-аңыз» атты жеке концертімен «Астана Опера» театрында ашылса, «TikTok concert» бағдарламасы филармонияның концерт залында ұсынылды.

«Жетіген-аңыз» – атауының өзі концерттің негізгі идеясын ашады. Кеш толығымен қазақтың ұлттық аспабының сиқырлы үніне арналған. Жетігенге арнап жазылған шығармалар өте аз. Концертте сондай шығармалармен қатар кеш иесінің «Көк бөрілер», «Аңыз дала», «Арын», «Көктем әуені», «Сырлы дала», «Жібек жолы», «Сенім», «Анама», «Шарын шатқалы», «Туған жер», «Ұлы дала» сынды авторлық туындылары орындалды.

Нұрғиса Тілендиевтің тәлімін алып, «Отырар сазы» оркестрінде жұмыс істеген Қарагөз Гасимова өз шығармаларында қазақтың көне аңыз-әңгімелеріне, салт-дәстүрлеріне сүйеніп, адам өмірінің кезеңдері, жыл мезгілдері, халық психологиясы, бірлік және басқа да тақырыптарды қозғайды. Концертте сахнадан жетігенмен қатар сазсырнай, сыбызғы, шертер, адырна, қобыз, басқа да ұлттық аспаптарға арналған шығармалар әуеледі.

TikTok әлеуметтік желісіндегі музыка арқау болған концертке астаналық филармонияның үрлемелі оркестрі, «Alem» заманауи би балеті және Dostar вокалдық-би ансамблі қатысты.

Көрермендер үрлемелі оркестр өңдеуінде британдық Longest Johns музыкалық фоль-тобы мен шотландиялық музыкант Натан Эванстың нұсқасында TikTok желісінде хитке айналған «Wellerman» әнін, музыка әуесқойлары Lady Gaga, Dido, Eminem, Megan Trainor, Бобби Макферрин, Doja Cat, G-Nation band, Мирас Жүгінісов сияқты әртістердің шығармаларын, сондай-ақ заманауи қазақ әндерінен попурри, аниме музыкасын, Japan song және әлеуметтік желідегі заманауи өңделген әуендерді тыңдады.

ПРЕМЬЕР-ЛИГАДА – ЖАҢА ЧЕМПИОН

Жексенбі күні футболдан Қазақстан чемпионаты мәреге жетті. Премьер-лигада алғаш рет Шымкенттің «Ордабасы» командасы чемпиондық атаққа қол жеткізді. Күміс жүлдегер – «Астана», қола медаль «Ақтөбе» клубына бұйырды.

Сонымен көктемде басталған ел біріншілігінде жаңа чемпион анықталды. Ұлттық біріншілікте үзіліссіз ойнап келе жатқан «Ордабасы» командасы биыл бірінші рет алтын жүлдеге қол созды. Шымкент қаласы үшін бұл үлкен тойға айналды десе болады.

Ал Қазақстанның 7 дүркін чемпионы «Астана» бұл жолы күміс еншіледі. Сондай-ақ ел чемпионатында 5 дүркін жеңімпаз болған «Ақтөбе» бұл жолы қоланы қанағат тұтты.

Биылғы чемпионатқа қатысқан 14 команда арасында 182 матч өтті. Орташа есеппен әр ойынды 5421 жанкүйер тамашалаған екен.

Чемпионат қорытындысында алдағы жылғы УЕФА клубтық турнирлерінде: Чемпиондар лигасында – «Ордабасы», Еуропа лигасында – «Астана», Конференция лигасында «Ақтөбе» ойнайтын болды.

Ал «Оқжетпес» (Көкшетау), «Каспий» (Ақтау) және «Ақсу» (Павлодар) командалары турнир кестесінің соңында қалып, бірінші лигаға түсті. Биыл бірінші лигада үздік шыққан «Елім-ай» (Семей), «Тұран» (Түркістан) және «Жеңіс» (Астана) командалары алдағы жылы Премьер-лигада өнер көрсететін болды.

	Ойын	Ұтыс	Тең	Ұтылыс	Ұпай
Ордабасы (Шымкент)	26	18	4	4	58
Астана	26	16	5	5	53
Ақтөбе	26	13	11	2	50
Қайрат (Алматы)	26	12	8	6	44
Қызылжар (Петропавловск)	26	11	6	9	39
Қайсар (Қызылорда)	26	10	6	10	36
Атырау	26	8	10	8	34
Тобыл (Қостанай)	26	9	7	10	34
Мақтаарал (Атакент)	26	8	5	13	29
Шахтер (Қарағанды)	26	7	8	11	29
Жетісу (Талдықорған)	26	8	5	13	29
Оқжетпес (Көкшетау)	26	7	6	13	27
Каспий (Ақтау)	26	4	8	14	20
Ақсу (Павлодар)	26	5	3	18	18

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс №129
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Райхан РАХМЕТОВА**